

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
Әділбек ҚАБА

БАС РЕДАКТОР
Ерден ҚАЖЫБЕК

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ
Смағұл ЕЛУБАЙ

Ауыт МҰҚИБЕК

Ғабит АБЗАЛБЕК

Қанағат ОРАЗОВА

Серік ЕРҒАЛИ

Бабақұмар ХИНАЯТ *(Венгрия)*

Асай РӨМІШ *(Моңғолия)*

Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ *(Ресей, Орынбор)*

Кадыйша АБДЫБЕКОВА *(Қырғызстан)*

Роза БАҚБЕРГЕНОВА *(Түркия)*

Клара САДЫРБАЕВА *(Өзбекстан)*

Әділет АХМЕТҰЛЫ *(Қытай)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Асан АМАНГЕЛЬДИЕВ

МЕНШІК ИЕСІ:
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,
2007 жылғы 23 шілдеде № 8514-А кәуәлігі берілген.

МАЗМҰНЫ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫ

| | |
|--|----|
| М.Әуезов. Ақаңның елу жылдық тойы..... | 4 |
| М.Әуезов. Ақаңның елу жылдық тойы..... | 10 |
| М.Әуезов. Ақаңның елу жылдық тойы..... | 15 |
| А.С.Ісімақова. Ахмет Байтұрсынұлы: «Жазған сөз жаным ашып Алашыма»..... | 20 |
| «Амьшал а піша мьнаж зосءناعزاج»: ىلۇنىسرۇتياбатمءحا. ءاوقامىسى.س.ا..... | 29 |

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

| | |
|---|----|
| Өзбекстан — достық және бауырмалдық өлкесі..... | 38 |
| ىسءلكو قىدلامرئوابءناج قىتسوءء- ناءسكءبزو ىسىنىءىء لءىنىراءاءقازاق لءءءش..... | 43 |
| 10 музыкалық аспапта ойнайтын музыкант..... | 47 |
| 10 ءءناكئزؤم نىءىءانءىو اءءپاءسا قىلءكئزؤم..... | 49 |
| Түркия елінде қазақ қауымдастығының өкілдігі ашылды..... | 51 |
| Қандас мәртебесін алғандарға үкіметтен қандай қолдау бар..... | 53 |

ТҮБІ БІР ТҮРКІ

| | |
|---|----|
| К.Күркебаев. Енисей жазба ескерткіштерінің жанрлық ерекшелігі..... | 54 |
| А.С. Мурзинова. Этностереотип – ғаламның тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі..... | 61 |

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

| | |
|---|----|
| С.Асанбаева. Қазақ тіліндегі жарнама тілінің психолінгвистикалық ерекшеліктері..... | 66 |
| А.Мұхаметқали. Қарақалпақ ұлтының тарихына қатысты лингвомәдени бірліктер..... | 74 |

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ

| | |
|-------------------------|----|
| Аударыспақ..... | 80 |
| Теңге (күміс) алу..... | 82 |
| Қазақша күрес..... | 84 |
| قاپسىراءءءا..... | 86 |
| ءءلا (سىمءك) ەگكءء..... | 88 |
| سءرءك اشقازاق..... | 89 |

СҰХБАТ

| | |
|--|----|
| Б.Қосалиев. Аударыспақта күшің мен әдісің ұштасуы керек..... | 90 |
|--|----|

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

| | |
|--|----|
| Ә.Ахметұлы. «Нағашың Моңғолияда емес, Қазақстанда...»..... | 95 |
| Көкшетау, құшағыңды аш, мен келемін!..... | 96 |
| «Тынық мұхитқа» апарар жол..... | 98 |
| Қ.Сейданов. Ақын..... | 99 |

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман! Сіздерге «Туған тіл» альманахының екінші санын ұсынамыз. Мұнда «Шетел қазақтарының тынысы», «Түбі бір түркі», «Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы», «Лингвомәдениеттану», «Қазақтың ұлттық спорт түрлері» және «Шетел қазақтарының шығармашылығы» атты айдарлар бар.

Биыл қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі, ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудың қайнар бастауында тұрған аса көрнекті ғалым, «Ұлт ұстазы» Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Осыған орай, журналдан ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің Ақаң туралы 1923 жылы жазған мақаласымен, сондай-ақ филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Серікқызы Ісімақованың «АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ: «Жазған сөз жаным ашып Алашым» атты зерттеу мақаласымен таныс бола аласыздар.

«Шетел қазақтарының тынысы» айдарында 10 музыкалық аспапта ойнайтын Екатеринбургтік домбырашы Бағытжан Тасмағамбетовтен алған сұхбатымызды және Өзбекстан қазақ ұлттық мәдени орталығының құрылғанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шара туралы ақпаратты ұсынып отырмыз. Сондай-ақ, шетелдегі және Қазақстандағы қандастарымыз туралы жаңалықтармен де таныс бола аласыздар.

«Түбі бір түркі» атты айдарымызда филология ғылымдарының кандидаты Қуркебаев Кенжетай Құрманбайұлының «Енисей жазба ескерткіштерінің жанрлық ерекшелігі» және қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD доктор Айгүл Мурзинованың «Этностереотип – ғаламның тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі» тақырыптарындағы құнды ғылыми мақалалар беріліп отыр.

Альманахтың бұл санында қазақтың ұлттық спорт түрлері, нақтылай айтсақ, «Аударыспақ», «Теңге ілу» және «Қазақша күрес» туралы мағлұмат берілген және халқымыздың ерекше өнері - аударыспақ спортының қыр-сыры жайлы айтылған Біржан Қосалиевтың сұхбатын ұсынып отырмыз.

Ал, «Шетел қазақтарының шығармашылығы» айдарынан Өзбекстандағы қандасымыз Қалдыбек Сейдановтың «Ақын» деген өлеңін, сондай-ақ, альманахтың бірінші санында шыққан Әділет Ахметұлының Терістіктегі құлазыған ауылдардағы отаншыл қандастар турасындағы әңгімесінің жалғасын оқи аласыздар.

Альманах Қазақстан оқырмандарына емес, негізінен шетелдегі қазақ диаспораларына арналғандықтан, бірқатар мақалаларды латын әліпбиімен және төте жазумен беріледі.

Редакция алқасы



МҰХТАР ӘУЕЗОВ



АҚАҢНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ

1923 ж.

Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады.

Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ахаң арналған тұңғыш той – ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты ісінің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі.

Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің де есімізде. Кешегі күні оқушы болып, соның тәрбиесінде жүрген күндерімізді көз алдымызға елестетеді. Ахаңның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманнан бір ай ұзағамыз жоқ. Кешегі күндерге шейін бәріміз де жетегінде келгенбіз.

Қаламынан туған өсиет-үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы үкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сіңірген пікірі әлі күн-

ге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді.

«Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепте оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі қазақтың ұзын ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ахаң сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің әндері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді.

Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер, қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын жол мұңдалап, жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын.

Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын. Ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да елі мінген еспесі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына» түгелімен ой түсіріп елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң «маса» болып талай ызыңдап «оятамын» деп ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ахаңның екпіні болатын. «Қазақ» газетінің сол заманнан бері қарай талай өмірі өткен сияқты. Бұл уақыттың жылдай, саусақпен санағандай аз жыл болса да болып өткен уақиғаларына қарағанда көп, заманға жауап ұратын толқынды заманның бірі.

Өзге дүниеде болып жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып, қазақтың өзін алғанда, әлденеше тарихшыға еңбек болатын тарихи уақиғалар өтіп жатыр. Бұрынғы уақытта қазақ баласының есіне келмеген, мағынасы үлкен уақиғаның бірі – қазіргі жасалып отырған Ахаңның 50 жылдық тойы.

Саясат толқынына түсіп, ойы ашылған, мәдениет жолында аз да болса ілгері басып беті ашылған қазақ жұрты, бұрынғы ауыр күнде басшысы болған азаматының атын құрметпенен атағысы келеді. Еркін ойды ойлатпай ауыздан шыққан сөзді баққан патша заманында қазақ жұрты қайрат қылған еріне ар-



наулы сөзін айта алмаса, бүгінгі күнде азаматы 50 жасқа келіп, сақал-шашы ағарған күнде өксікті сөзін айта алады.

Ахаңның атын қазақ даласындағы қазақ баласының естімегені аз шығар! Бірақ Ахаңды туғызған ел жалаң атын естіп қоймай, басынан кешірген өмірін білуге де ынтық болғандықтан білгенімізше бала күннен бергі өмірін қысқаша қылып айтып өтпекшіміз.

Ахаң 1873 жылы Торғай облысы, Торғай уезінде Тосын болысында туған, сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергідегі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ. Ахаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын.

Ахаңның туып-өскен ауылы қыр қазағының ұғымынша ол кездегі Үмбетейдегі іргелі, аталы ауылдың бірі болған. Оның үстіне белгілі батырдың тұқымы болғандықтан, Ахаңның жақындарының ішінен батырлықты, мықтылықты салт қылған ірі мінезді адамдар көбірек шыққан.

Ахаңның әкесі Байтұрсын баласын өзге ағайындары түскен жолға түсірмей, өнер-білім үйретпекші болып, жас кезінде Торғайдағы екі сыныфтық орыс-қазақ школына берген. Сол школда оқып жүріп, 13-ке келгенде әкесі Байтұрсын үкімет алдында «жазықты» кісі болып, Сібірге айдалып кеткен.

Мұның себебі, Тосын болысының сайлауына шыққан Торғай уезінің начальнигі «кәрі ояз» Яковлев Үмбетейге бұрыннан көптігін көрсетіп, зорлық қылып жүрген Дәуітбай тобына болысып, соның сөзін қостап, бұларға қиянат қылғандықтан Байтұрсын «кәрі оязды» сабап, басын жарған. Байтұрсынның айдалған себебі осы. Бұл уақиға Ахаңның соңғы кездегі «Анама хат» деген өлеңінде бала күндегі жүрегіне қандай әсер бергендігін көрсетеді:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,

Битпеген жүрегімде барбір жарам, – дегені сол күнде әкесі көрген бейнеттен қалған белгісі.

Торғайдағы алғашқы түскен школын жастай бітірген соң, тағы ілгері оқуды талап қылып Орынбордағы учительдік школына түскен. Әуелгі школында да һәм соңғы Орынбор школында да сабақтас балалардың алды болып, жақсы оқыған. Учительдік школдан 4 жыл оқып, жасы 19-ға келгенде, 1892 жылы оны да бітірген.

Ахаңның тәртіпті мектептен алған барлық оқуы осы. Оқу бітірген соң әуелде мақсұт қылған жолымен ел ортасына барып, қазақ балаларын оқытпақ ниетімен Ақтөбе уезі Сатпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылындағы ауылнай школға барып, оқытушы болған. Мұнда біраз уақыт болған соң, Қостанай уезінде Әуликөл деген жерде болыстық школында екінші рет оқытушы болған. Әуликөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласының уезіндегі екі сыныфтық орыс-қазақ школы. Бұл айтылған үш школда неше жылдан тұрғаны бізге белгісіз. Жиыны үшеуінде төрт жыл тұрып, 1896 жылы Омбыда Ақмола, Семей школдарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып, Омбыға барған.

Ахаңның Қостанайдан кетуіндегі себептерінің көбі бізге белгісіз. Кетуінің бір себебі, қазақтың басқа жерлердегі хал-жайын көріп-білу болса керек. Омбыға

барып, Алекторовпен көрісуі – Ахаңның кейінгі күндегі адамшылығы мен ісіне екі түрлі әсер берген. Біреуі, Алекторовтың қазақ турасындағы отаршылық саясатының басын біліп, көздеп жүрген мақсұтын сезген болар. Атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының жағдайының ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған.

Алекторовпен танысудың екінші әсері – Ахаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған. Омбыдан соң аз уақыт тұрған жері – Қарқаралы. Онда 1896 жылдан бастап 1907 жылға шейін тұрған. Қарқаралыда әуелде сыныфтық орыс-қазақ школында болып, артынан городское училищенің оқытушысы болған.

Қарқаралыда тұрғандағы соңғы 4 жыл Ахаңның саясат ісіне белсеніп кірісіп, жазуымен де, ісімен де бой көрсеткен кезі. Сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған. Қазақтың Мәскеуден келген бірен-саран студенті, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һәм ескіліктен келе жатқан пікірі түзу үлкендерінің арасына өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері сол мезгіл болатын.

1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген, ол петициядағы аталған үлкен сөздері – бірінші жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан қазақ жұртын муфтите қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ахаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан. Көпшіліктің оянуына себепші болған. Сол жылдардан кейін бас қосқан жиында, жазысқан хатта, оңашада болған әңгімеде ел қамы, ел мұңы деген сөздер Ахаңның аузынан кетпейтін сөзі болған. Елшілдік ұранын салып, агитацияның ауданын кеңейтіп, ел ішіне арманды сөздерін жая бастаған. Сол жылдардың ішінде белгілі «Қырық мысал» жазылған. Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екінің біріне мәлім бола бастаған. Бірақ сол кезде төңкерістің күні бітіп, патшаның жауыз үкіметі қайта күшейіп, елшілдерге қуғын жасап, қысымшылық жасайтын қанды күндері қайта туған. Қазақ ішінен ежелден елді ұмытып, адамшылық қарызын шенді-шекпенге сатқан құзғын сияқты тілмаштары, өзімшіл надан болыстары бірен-сарандап бас көтерген. Қараңғы үйді бинт қылған «сабаздарға» жем айыратын жер табылған. Олар «Қырық мысалдың» өлеңдерін перевод қылып, 1905 жылдағы петиция берген адамның бәрінің атын жиып, үстінен белгілі доностарын жүргізе бастаған. Бұлардың бейнеті көпке созылмай-ақ, аз күнде еңбегі жанған. Қазақтың өз-

геріс уақытында түзелуді ойлап, тура бетпен жүрген азаматтарының бәрі де үкіметтің қырын қабағына ілініп, абақтыға түсе бастаған.

Сол доностың арқасында 1907 жылы Қарқаралы қаласында Ахаңды 6 жолдасымен абақтыға салған. Қарқаралы тұтқынында аз уақыт отырған соң «жалалыларды» Семейге айдаған. 12 жыл өмірін өткізіп, еңбегі жанбай айдалып бара жатқанда Ахаңның қайғылы көңілінен шыққан ауыр сөздің бірі:

Қош сау бол, Қарқаралы, жуылмаған,

Айдай бер, қалса адамың қуылмаған,

– деген өлеңінен анық көрінеді. Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң бір жарым жылға (административтік ссылақаға) айдау ретімен Орынборға келген. Орынборда сол тұрған жылдарындағы әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ащырақ, күштірек тілмен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны «Маса» болатын.

Бұл кітабы шыққан кезде Уфадағы «Ғалияда» оқып жүрген қазақ шәкірттері тырбанып, талап қылып, қазақша газет шығармақшы болған. Керекті қаржыны елден жиып, өз орталарынан шығарып, газеттеріне шығарушы болуға Ахаңды белгілеген.

Қазақтың ол кездегі ерте оянған тобының бірі «Ғалия» шәкірттері еді, солардың талабымен кейінгі уақытта атақты болған «Қазақ» газетіне алғашқы негіз салынған. Ахаң шығарушы болып, «Ғалия» шәкірттері көмекші жазушылары болып, Орынбордағы орыс школында жүрген барлық қазақ баласы басқарманың қара жұмысшылары болып, көптеп-көмектеп алғашқы сандарын шығара бастаған. Артынан «Қазақ» нығайып, өзін өзі алып жүріп кетті.

1917 жылдың төңкерісіне шейін Ахаңның уақыты «Қазақ» газетімен бірге өтті. Бұнда да «Қазақтың» сатылған тілмәштары жасаған доностары аз болған жоқ. Әлденеше рет «Қазақты» жаппақ болған, штраф төлеткен, Ахаңды абақтыға салмақ болған күндері бізге белгілі. Бірақ Ахаңның денсаулығын ойлап, халін ұққан жолдастары абақтыға жатқызған жоқ. Үкіметтің тілеген штрафын беріп босатып алды.

1917 жылдың төңкерісінен бері Ахаңның істеп жүрген қызметі, жазып жүрген кітаптары, сөздері жұрттың көбіне белгілі болғандықтан, одан бергі жайларын көп жазбақшы емеспін.

Осы күнде Ахаң Орынборда. Басынан кешкен толқынды күндер сақал-шашына ақ кіргізіп, бетіне әжім түсірсе де әзірше дені сау, жас күнінен көңілі сүйген қызмет болғандықтан, Орынбордағы қазақ институтының һәм басқа қазақ баласы оқыған мектептердің оқытушысы болып жүр. Мектептен босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазады.

Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл құралы», «Оқу құралдарынан» басқа соңғы жылдарда «Әліппе істерін» һәм қазақша жазған. Бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр. Жаңадан алған хабарға қарағанда былтырдан жазып жүрген «Мәдениет тарихы» деген кітабын осы күнде бітіріпті. Жақында о да басылып шықса керек. Ахаң соңғы жылдардағы уақыттың бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да соған ар-

налған. Сондықтан бұрынғы уақыттағы жас буынның әлсіз ойын тербеткен, жүрекке жылы тәтті өлеңдерін соңғы жылдары ести алмай жүрміз.

Бірақ Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ.

Әлі күнгі қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп, шалқып жатыр. Бұдан 10-15 жыл бұрын:

Алаштың үмбетінің бәрі мәлім,

Кім қалды таразыға тартылмаған? – деп Ахаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ахаңның ғана ардақты атын атаймыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілері санаулы.

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.

Сондықтан 50 жылдық тойын істеп отырған қуанышты күнде Ахаңа біздің айтатын сөзіміз: «Ахаң – еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды».

Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды, әл де болса, өмірінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды.



Mühtar ÄUEZOV

АҺАҢНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙ

1923-j.

Qazaq jürtinyñ ötken күnderine köz salğanda, oqyğan azamattarynyñ artynan ergen күnderi az da bolsa mağynalyraq, täuir күnderiniñ biri dep sanalady.

Sol oqyğan azamattyñ tūñғыsy, алғашқы шыққан көсемi болған Аһаһа арналған tūñғыs той – oi oilağan qazaq balasynyñ jüregine jyly tietin quanysty isiniñ biri. Ärkimniñ qalğyğan sezimin oiatyp, ötken күnderin esine tüsiretin köp istiñ isindegi irisi.

Aһаһnyñ maidanға алғаш jyry шығyp, әдебиет, saiasat jolynda jol bastaған күnderi bärimizdiñ de esimizde. Keşegi күni oquşy bolyp, sonyn tärbiesinde жүрген күnderimizdi köz aldymызға elestedi. Аһаһnyñ qazaq oquşysynyñ oiy men pikirin tärbielegen zamannan bir ai üzağamyz joq. Keşegi күnderge şeim bärimiz de jeteginde kelgenbiz.

Qalamynan tuğan ösiet-үlgisi әli esimizden ketken joq. Patşa zamanyndağy ükimettik ör zorlyqqa qarsy salған üранy, oiyмызға siñirgen pikirini әli күнге dein үйренip qalған besimimizde közimизge jyly üşyraidy, qulağamyзға jaily tiedi.

«Qazaq» gazetiniñ sütin emip ösken bir buyn osy күnde pikir-bilim jolynda бүғанasy bekip, is maidanyна шығyp otyrsa, keingi jas buyn Аһаһ salған örnekti bilip, Аһаһ ашқан mektepte oqyp шықqaly tabaldyryğyn jaһа attap, işine jaһа kirip jatyr. Аһаһnyñ бүl istegen qyzmeti qazaqtyñ üzyn yrға tarihyмен jalğasyp ketetin qyzmet. Istegen isimen özine ornatylған eskertkiş – мәñgilik eskertkiş.

Qazaq jastarynyñ ardaqty tärbiesisi Аһаһ söilegende meniñ esime «Qazaq» gazetiniñ әnderi түседi. Biz ol күnde mektep isinde жүрген bala edik. Biraq patşa saiasaty temir бүғаудai moiynға batyp, qazaq jürtyн әlsiretip, «kedeidi şalapqa mas qylyp, baidy qymызға mas qylyp», eldigin joğaltyp bara jatqанын түmandy oimen sezuşy edik, kömeski jauy qazaqtyñ besiktegi balasynyñ közine de elestegendei edi.

Sol uaqyttarda «Qazaq» gazetiniñ betinen anda-sanda oqyp otyrған әserli anyq sözder, qauiptiñ pışının aiqyn qylyp körsetip, mekteptegi jas balalardyñ sezimin түzu jolға bettekendei boluşy edi. Jas buynnyñ jaһа tuyp kele jatқан әlsiz oiyн jol mündalap, jetegine alyp bara jatқandai baiqaluşy edi. Mekteptegi sabağyn oqymaityn bala «Qazaq» gazetin körgen jerde qadalyp türyp qalatyn.

Böten qalada qyr esine түsip, elin oilap жүрген balaға «Qazaq» gazeti auylynan kelgen sälemdemeдеi bolatyn. El basyna kelgen bәleniñ atyn bilmei, түsin tanymasa da eli mingen espesi joq qaiyqty teñuzdiñ isinde jylyjыtyp bara jatқан jel men qüiynnyñ bar ekenin oqyp жүрген bala da sezetüğyn. «Qazaqtyñ eñkeigen kәri, eñbektegen jasyna» түgelimen oi түsirip elin üiqysynan oiatyp, jansyz denesine qan жүgirtip, күzgi taһnyñ salqyn jelindei şiryqtyrған, etek-jeñin jügyzған «Qazaq» gazeti bolatyn. Ol gazettiñ jany kim edi? Isindegi qajymaityn qairat, kemimeitin



ekpin kımnyñ ekpinı edı? Ol ekpin üiyqtağan qazaqty aiqailap oiatuğa zaman erik bermegen soñ «masa» bolyp talai zıyñdap «oiatamyn» dep ūзақ beinetti moynyna mındet qylyp alğan Ahañnyñ ekpinı bolatyn. «Qazaq» gazetiniñ sol zamannan berı qarai talai ömiri ötken siaqty. Bül uaqyttyñ jyldai, sausaqpen sanağandai az jyl bolsa da bolyp ötken uaqıǵalaryna qarağanda köp, zamanğa jauap ūratyn tolqyndy zamannyñ bırı.

Özge düniede bolyp jatqan ūly özgerıstı qoia tūryp, qazaqtyñ özin alğanda, äldeneşe tarihsyğa eñbek bolatyn tarihi uaqıǵalar ötip jatyr. Būryñgy uaqytta qazaq balasynyñ esine kelmegen, maǵynasy ūlken uaqıǵanyñ bırı – qazırgı jasalyp otyrған Ahañnyñ 50 jyldyq toiy.

Saiasat tolqynyna tūsıp, oiy aşylğan, mädeniet jolynda az da bolsa ilgerı basyp beti aşylğan qazaq jūrty, būryñgy auyr künde bassysy bolğan azamatynyñ atyn qūrmetpenen ataǵysy keledi. Erkin oidy oilatpai auyzdan şyqqan sözdı baqqan patşa zamanynda qazaq jūrty qairat qylğan erine arnauly sözın aita almasa, būgingı künde azamaty 50 jasqa kelip, saqal-şaşy aǵarған künde öksiktı sözın aita alady.

Ahañnyñ atyn qazaq dalasyndaǵy qazaq balasynyñ estimegenı az şyǵar! Bıraq Ahañdy tuǵyzған el jalañ atyn estip qoimai, basynan keşirgen ömirin biluge de yntyq bolğandyqtan bilgenımızşe bala künnen bergı ömirin qysqaşa qylyp aityp ötpekşimiz.

Ahañ 1873-jyly Torǵai oblysy, Torǵai uezinde Tosyn bolysynda tuğan, süiegi Arǵyn, onyñ ışinde Ümbetei bolady. Bergıdegi atalary Ümbeteiden şyqqan Şoşaқ. Ahañ Şoşaқtyñ nemeresı. Öz äkesiniñ aty – Baitürsyn.

Ahañnyñ tuyp-ösken auyly qyr qazaǵynyñ ūǵymynşa ol kezdegi Ümbeteidegi ırgeli, ataly auyldyñ bırı bolğan. Onyñ üstine belgili batyrdyñ tūqymy bolğandyqtan, Ahañnyñ jaqyndarynyñ ışinen batyrlyqty, myqtylyqty salt qylğan ırı minezdi adamdar köbirek şyqqan.

Ahañnyñ äkesı Baitürsyn balasyn özge aǵaiyndary tūsken jolğa tūsırmei, öner-bılım üiretpekşı bolyp, jas kezinde Torǵaidaǵy eki synyftyq orys-qazaq şkolyna bergen. Sol şkolda oqyp jürıp, 13-ke kelgende äkesı Baitürsyn ūkımet aldynda «jazyqty» kısı bolyp, Sibirge aidalyp ketken.

Mūnyñ sebebi, Tosyn bolysynyñ sailauyna şyqqan Torǵai ueziniñ nachalbnigi «kärı oiaz» İakovlev Ümbeteige būrynnan köptigin körsetip, zorlyq qylyp jürgen Däuitbai tobyna bolysyp, sonyñ sözın qostap, būlarğa qianat qylğandyqtan Baitürsyn «kärı oiazdy» sabap, basyn jarған. Baitürsynnyñ aidalğan sebebi osy. Bül uaqıǵa Ahañnyñ soñgy kezdegi «Anama hat» degen öleñinde bala күндеgi jüregine qandai äser bergendigin körsetedi:

Oq tiip on üşimde oi tūsırıp,

Bitpegen jüregimde barbır jaram, – degenı sol күnde äkesı körgen beinetten qalğan belgısı.

Torǵaidaǵy alǵaşqy tūsken şkolyn jastai bitirgen soñ, taǵy ilgerı oqudy talap qylyp Orynborıdaǵy učitel'dik şkolyna tūsken. Äuelgi şkolynda da hām soñgy Orynbor şkolynda da sabaqtas balalaryñ aldy bolyp, jaqsy oqyған. Učitel'dik şkoldan 4 jyl oqyp, jasy 19-ǵa kelgende, 1892-jyly ony da bitirgen.



Ahañnyñ tärtpiti mektepten alğan barlyq oquy osy. Oqu bitirgen soñ äuelde maqsüt qylğan joly men el ortasyna baryp, qazaq balalaryn oqytpaq nietimen Aqtöbe uezi Satpaqty bolysyndaғы Ahmetkerei Qopsybaqovtardyñ auylyndaғы auylnai şkolğa baryp, oqytuşy bolğan. Munda biraz uaqyt bolğan soñ, Qostanai uezinde Äulieköl degen jerde bolystyq şkolynda ekinşi ret oqytuşy bolğan. Äuliekölden üşinşi ret auysyp barğan şkoly Qostanai qalasynyñ uezindegi eki synyftyq orys-qazaq şkoly. Bül aitylğan üş şkolda neşe jyldan tūrğany bızge belgisiz. Jiny üşeunde tört jyl tūryp, 1896-jyly Ombyda Aqmola, Semei şkoldaryn basqaryp tūrğan Alektorovpen habarlasyp, Ombyğa barğan.

Ahañnyñ Qostanaidan ketundeги sebepteriniñ köbi bızge belgisiz. Ketuniñ bir sebebi, qazaqtyñ basqa jerlerdegi hal-jaiyn körıp-bilu bolsa kerek. Ombyğa baryp, Alektorovpen körısui – Ahañnyñ keingı kündeги adamşylyғы men ısine eki türli äser bergen. Bireui, Alektorovtyñ qazaq turasyndaғы otarşyldyq saiasatynyñ basyn bilip, közdep jürgen maqsütyn sezgen bolar. Ataqty İlminskiidiñ joly men qazaqtyñ közin aşı üşin osy oqu kerek degen saiasatty tütynyp jürgendigin sözderimen bildirgen Alektorovtyñ nietimen jaqyn kelip tanysqan soñ, Ahmet qazaq halqynyñ jağdaiynyñ auyrlyғыn üғыp, el turasyndaғы tükpirli oiy sol kezde oiana bastağan.

Alektorovpen tanysudyñ ekinşi äseri – Ahañnyñ joly aşılyp, pikirı aşılyp, bürnyғы bilim-öner жүzindegi şala bilinip, kömeskileu tūsınıp jürgen närselerin taza bilune sebep bolğan. Ombydan soñ az uaqyt tūrğan jeri – Qarqaraly. Onda 1896 jyldan bastap 1907 jylğa şeim tūrğan. Qarqaralyda äuelde synyftyq orys-qazaq şkolynda bolyp, artynan gorodskoe uşilişeniñ oqytuşysy bolğan.

Qarqaralyda tūrğandaғы soñғы 4 jyl Ahañnyñ saiasat ısine belsenip kirisip, jazuy men de, ısimen de boi körsetken kezı. Sol mezgilde 1905-jyldyñ özgerisi bolğan. Qazaqtyñ Mäskeuden kelgen biren-saran studentı, basqa qalalarda oqyp jürgen jastary häm eskilikten kele jatqan pikirı tüzu ölkenderiniñ arasyna özgeris ruhy jaiylyp, qazaqtyñ eldigin söilei bastağan kezderi sol mezgil bolatyn.

1905-jyly Qarqaralyda Ahañ men basqa biraz oqyğandar bas qosyp, ükimetke qazaq halqynyñ atynan petisia (aryz-tilek) jibergen, ol petisiadaғы atalğan ölkен sözderi – birinşi jer mäselesi. Qazaqtyñ jerin aludy toqtatyp, pereselenderdi jibermeudi sürağan, ekinşi, qazaq jürtyna zemstvo berudi sürağan, üşinşi otarşylardyñ orys qylmaq saiasatynan qūtylu üşin ol künniñ qūraly barlyq müsylman jürtynyñ qosyluynda bolğandyqtan qazaq jürtyn muftige qaratudy sürağan. Petisiadaғы tilek qylğan ırı mäseleler osy. Ol kündeги oi oilağan qazaq balasynyñ dertti mäselesi osylar bolğandyqtan, Ahañdar bastağan iske qyr qazağynyñ işinde tileules kisiler köp şyqqan. Köpşiliktiñ oianuyna sebepsi bolğan. Sol jyldardan kein bas qosqan jiynda, jazysqan hatta, oñaşada bolğan ängimede el qamy, el müñy degen sözder Ahañnyñ auzynan ketpeitn sözi bolğan. Elşildik ūrany salyp, agitasiynyñ audanyn keñeitip, el işine armandy sözderin jaia bastağan. Sol jyldardyñ işinde belgili «Qyryq mysal» jazylğan. Qalyñ qazaq jürtynyñ alğaşqy estigen töñkeris ataғы jaiylyp, eldiñ şyn qamqory ekendigi ekiniñ birine mälim bola bastağan. Biraq sol kezde töñkeristiñ küni bitip, patşanyñ jauyz ökimeți qaita küşeip, elşilderge quğyn jasap, qysymşylyq jasaityn qandy künderi qaita tuğan. Qazaq işinen ejelden eldi ūmytyp, adamşylyq

qaryzyn şendi-şekpenge satqan qūzğyn siaqty tilmaştary, özımşıl nadan bolystary biren-sarandap bas kötergen. Qarañğy üidi bint qylğan «sabazdarğa» jem aiyratyn jer tabylğan. Olar «Qyryq mysaldyñ» öleñderin perevod qylyp, 1905 jyldağy petisia bergen adamnyñ bäriniñ atyn jıyp, üstinen belgili donostaryn жүргізе бастаған. Būlardyñ beineti köpke sozylmai-aq, az күнде eñbegi janğan. Qazaqtyñ өзgeris uaqytynda түзелудı oilap, tura betpen жүрген azamattarynyñ bärı de ükimettiñ qyryn qabağyna ılınıp, abaqtyğa түсе бастаған.

Sol donostyñ arqasynda 1907-jyly Qarqaraly qalasynda Ahañdy 6 joldasymen abaqtyğa salğan. Qarqaraly tütqynynda az uaqyt otyrğan soñ «jazalylardy» Semeige aidağan. 12 jyl ömirin ötkızıp, eñbegi janbai aidalyp bara jatqanda Ahañnyñ qaiğyly köñilinen şyqqan auyr sözdiñ bırı:

Qoş sau bol, Qarqaraly, juylmağan,

Aidai ber, qalsa adamyñ quylmağan,

– degen öleñinen anyq көрinedi. Semeide segız ai abaqtyda otyrğan soñ bir jarym jylğa (administrativtik ssylkağa) aidau retimen Orynborğa kelgen. Oryn-borda sol tūrğan jylдарындағы әuelgi niet qylğan betinen taiynbai, бүрынғыдан ашырақ, күштirek tilmen «Masany» jazğan. Qazaq oquşysyna estilgen екінші elşildik ұраны «Masa» bolatyn.

Bұл kıtaby şyqqan kezde Ufadağy «Ĝaliada» oqyp жүрген qazaq şäkırterı tyrbanyп, talap qylyp, qazaqşa gazette şyğarmaqşy bolğan. Kerekti qarjyny elden jıyp, өз ortalarynan şyğaryп, gazetterine şyğaruşy boluğa Ahañdy belgilegen.

Qazaqtyñ ol kezdegi erte oiаnğan tobynyñ bırı «Ĝalia» şäkırterı edı, solardyñ talabymen keingı uaqytta атақты болған «Qazaq» gazette алғашқы negız salynған. Ahañ şyğaruşy bolyp, «Ĝalia» şäkırterı kömekşı jazuşylary bolyp, Orynborдағы orys şkolynda жүрген барлық qazaq balasy basqarmanyñ qara jümyssylary bolyp, көптеп-көмектеп алғашқы sandaryн şyğара бастаған. Artynan «Qazaq» nyğaiyp, өзın öзі alyп жүріп ketti.

1917-jyldyñ tönkerisine şeim Ahañnyñ uaqyty «Qazaq» gazetteмен birge ötti. Būnda da «Qazaqtyñ» satylğan tilmäştary jasağan donostary az bolğan joq. Äldeneşe ret «Qazaqty» jappaq bolğan, ştraf töletken, Ahañdy abaqtyğa salmaq bolğan күnderı bızge belgili. Biraq Ahañnyñ densaulыğyn oilap, halın ұqqan joldastary abaqtyğa jatqyzğan joq. Ükimettiñ tilegen ştrafyn berіп bosatyp aldy.

1917-jyldyñ tönkerisinen berı Ahañnyñ istep жүрген qyzmetı, jazyp жүрген kıtapтары, sözderı жүrttyñ köbine belgili болғандықтан, одан бергі jailaryн көп jazbaqşy emespін.

Osy күнде Ahañ Orynborда. Basynan keşken tolqyndy күnder saqal-şaşyna aq kırғızıp, betine әjim түsirсе de әзірşe denı sau, jas күninен көñılı süiген qyzmet болғандықтан, Orynborдағы qazaq institutyныñ hām басқа qazaq balasy oqyған mektepterdiñ oqytuşysy bolyp жүр. Mektepten bosağan uaqytta qazaq mektepterine kerekti kıtapтар jazady.

Bүрынғы oquşylarға belgili «Tıl quraly», «Oqu quralдарынан» басқа soñğy jyldarda «Älippe isterin» hām qazaqşa jazğan. Bұл soñğy kıtaby osy күнде Orynborда basylyп jatyr. Jañadan алған habarға qaraғанда byltyrdan jazyp жүрген



«Mädeniet tarihy» degen kitabyn osy күнде бітірді. Jaqynda o da basylyp шықса керек. Ahañ soñgy jylardaғы uaqyttyñ bärin qazaqtyñ mektebine saryp qylyp, istegen ısı de, jazğan jazuy da soğan arnalğan. Sondyqtan büringy uaqyttaғы jas buynnyñ älsız oıyn terbetken, jürekke jyly tätti öleñderin soñgy jyldary esti almaı jürmız.

Biraq Ahañnyñ büringy aitqan sözın äli qazaq balasy ümytqan joq, öleñindegi belgili saryn äli eskirgen joq.

Äli küngi qazaq dalasynyñ küşti saryny bolyp, Arqanyñ qoñyr jelimen birge esip, şalqyp jatyr. Būdan 10-15 jyl bürin:

Alaştıñ ümbetiniñ bärı mälim,

Kim qaldy tarazyğa tartylmağan? – dep Ahañ aitsa, biz de osy күnde sonı aitamyz. Ainalyp kelip tarazyğa tartylğan, synnan ötken dep Ahañnyñ ğana ardaqty atyn ataimyz. Odan basqa jalpaq eldiñ synyna tolyp, meirin qandyrgan kisileri sanauly.

Ahañ aşqan qazaq mektebi, Ahañ türlegen ana tılı, Ahañ salğan ädebiettegi elşildik ürany – «Qyryq mysal», «Masa», «Qazaq» gazetiniñ 1916-jyldaғы qan jyлаған qazaq balasyna istegen eñbegi, öner-bılım, saiasat jolyndaғы qajymağan qairatyn biz ümytsaq ta, tarih ümytpaityn ister bolatyn.

Ony jürtyñ bärı bileді. Būnyñ şyndyğyna eşkim de daulaspaıdy.

Sondyqtan 50 jyldyq toıyn istep otyrgan quanyşty күnde Ahaña bizdiñ aitatyn sözimiz: «Ahañ – eñbegi jaңan jannyñ bırı. Istegen ısıniñ jemisi – artynan kele jatqan jastar. Onyñ arty Ahañ mektebine tızılıp, kırıp jatqan jas buyn, jaña ösip kele jatqan qazaq ädebieti Ahañdy özinіñ başsıysy dep sanaidy».

Qalamynan tamğan bal em boludan ainymaidy, äl de bolsa, ömiriniñ ұзақ bolyp, eñbeginiñ önımdi boluyn tileuden qazaq balasy qaitpaıdy.



ۆۆزөһә рат ҳұм

ى يوت قىدىلىج ۆله كىنىكاقا

لىج 1923

ىدىلانىس پەدىرىبە لىنىرىدەنۇك رىۋاتە، قارىلانىعام اسلوب ادزا ناعلانىرا كاقا ناعلوب ىمەسوك ناققىشى قىشاعلا، ىشىغىكۇت لىتىتامازا ناعىقو لوس ىتىشىنۇق نىتەيەت ىلىج مەنگەرۇج لىنىسالىاب قازاق ناعالىو يو – يوت شىغىكۇت مەنىسە نىرەدەنۇك نەكتو، پىتايو نىمىزەس ناعىعلاق لىنىمىكرا. ىرىبە لىنىسى ىسىرىبە ىگەدەن ىشى لىتىسى پوك نىتەرىسۇت

ىرەدەنۇك ناعاتساب لوج ادنىلوج تاساياس، تەيەبەدا، پىعىشى ىرىج شاعلا اعنادىام لىنىكاقا مەگرۇج مەنىسە يەبىراتە لىنىس، پىلوب ىشۇقو ىنۇك ىگەشەك. مەزىمەسى مە لىنىدىزىمىرەبە نىرىكىپ نەم ىيە لىنىسى شۇقو قازاق لىنىكاقا. ىدەتەتسەلە اعزىمىدىلا زوك ىدىزىمىرەدەنۇك مەزىمىرەبە نىيەش مەگرەدەنۇك ىگەشەك. قوج زىماعازۇ يا رىبە نانىمامز نەگەلە يەبىراتە زىبەنەگەلە مەنىگەتەج

ىغادەن ىناماز اشىتاپ. قوج نەكتەك نەدىمىسە ىلە ىسىگىلۇتە يەسۇ ناعۇت نانىمالاق ىلە ىرەكىپ نەگرىكەس اعزىمىيە، ىنارۇ ناعلاس ىسراق اققىلرۇز رە لىتىتەمىكۇ اعزىمىعالبۇق، ىدىارىشۇ ىلىج مەزىمىزوك ىدىمىگىسەب ناعلاق پىنەرىيە مەگەنۇك ىدەيت ىلەياج

مىلىبە-رىكىپ مەنۇك ىسو نىۋب رىبە نەكسو پىمە نىتۇسە لىنىتەزاگ «قازاق» كاقا نىۋب ساج ىگەنىيەك، اسرىتو پىعىشى انىنادىام سى، پىكەب ىساناعۇب ادنىلوج كاقا نىعىرىدىلابات ىلاققىشى پىقو مەتپەتەكەم ناقشا كاقا، پىلىبە ىتكەنرۇ ناعلاس اعزى نىزۇ لىتىقازاق ىتەمىزى نەگەتسى لۇب لىنىكاقا. رىتاج پىرىك كاقا نىشى، پەتەتە شىكىتەكسە ناعلىتارو مەنىزو نەمىسى نەگەتسى. تەمىزى نىتەتەك پىساعلاج نەمىحىراتە شىكىتەكسە لىلىگىگەتەم

«قازاق» مەسىە لىنىنەم مەنەگەلە يوس كاقا ىسە ىشە يەبىراتە ىتقادرا لىنىىراتساج قازاق قارىبە. كىدە الەب نەگرۇج مەنىشى پەتەكەم مەنۇك لو زىبە. ىدەسۇت ىرەدەن لىنىتەزاگ ىدىدەكە»، پىتەرىسلا نىترۇج قازاق، پىتاب اعزىيەم ىادۇاعۇب رىمەتە ىتاساياس اشىتاپ نىناتتاج اراب پىتەلەج نىگىدە، «پىلىق سام اعزىمىق ىدىاب، پىلىق سام اقپالاش مەنىزو لىنىسالىاب ىگەتەكسىبە لىتىقازاق ىۋاج ىكسەمەك، كىدە ىشۇزەس نەمىيە ىدىنمۇت ىدە يەنەگەتەسەلە مە

قىنالىرەسا ناعرىتو پىقو ادناس-ادنا نەنىتەبە لىنىتەزاگ «قازاق» ادراقتىقۇ لوس لىدىرالەب ساج ىگەتەپەتەكەم، پىتەسروك پىلىق نىقىيە نىنىشىپە لىتىپىۋاق، رەدزوس ناقاتتاج مەكە پىۋت كاقا لىنىنۋب ساج. ىدە ىشۇلوب يەنەكتەتەب اعلوج ۇزۇتە نىمىزەس ىگەتەپەتەكەم. ىدە ىشۇلاب يەنەناتتاج اراب پىلا مەنىگەتەج، پەلادنۇم لوج نىيە زىسلا نىناتتاق پىرۇت پىلاداق مەرەج نەگرۇك نىتەزاگ «قازاق» الەب نىتەيەمىقو نىعەبەس

نانىلىۋا ىتەزاگ «قازاق» اعلااب نەگرۇج پەلەيە نىلە، پىسۇتە مەنىسە رىق ادالاق نەتوب اسامىنات نىسۇتە، ىمەلەب نىتەلەب نەگەلەك انىسابلە. نىتەلوب يەدەمەدەلەس نەگەلەك لەج ناقاتتاج اراب پىتىجەلج مەنىشى لىنىدىكەتە ىتقىيەقوج ىسەپسە نەگەنەم ىلە اد ىراك نەگەلەكە لىتىقازاق». نىعۇتەزەس اد الەب نەگرۇج پىقو نىنەكە راب لىنىنىيۇق نەم



Үлкен маңсаптың маңызын білдіретін бірінші қазақстандық мемлекеттік университетінің құрылуына 100 жыл толуына орай, 1892 жылдан бастап, 1919 жылдан бастап, 1992 жылдан бастап, 2000 жылдан бастап, 2009 жылдан бастап, 2019 жылдан бастап, 2022 жылдан бастап.

Мемлекеттік университетінің құрылуына орай, 1892 жылдан бастап, 1919 жылдан бастап, 1992 жылдан бастап, 2000 жылдан бастап, 2009 жылдан бастап, 2019 жылдан бастап, 2022 жылдан бастап.

Мемлекеттік университетінің құрылуына орай, 1892 жылдан бастап, 1919 жылдан бастап, 1992 жылдан бастап, 2000 жылдан бастап, 2009 жылдан бастап, 2019 жылдан бастап, 2022 жылдан бастап.

Мемлекеттік университетінің құрылуына орай, 1892 жылдан бастап, 1919 жылдан бастап, 1992 жылдан бастап, 2000 жылдан бастап, 2009 жылдан бастап, 2019 жылдан бастап, 2022 жылдан бастап.

Мемлекеттік университетінің құрылуына орай, 1892 жылдан бастап, 1919 жылдан бастап, 1992 жылдан бастап, 2000 жылдан бастап, 2009 жылдан бастап, 2019 жылдан бастап, 2022 жылдан бастап.

Мемлекеттік университетінің құрылуына орай, 1892 жылдан бастап, 1919 жылдан бастап, 1992 жылдан бастап, 2000 жылдан бастап, 2009 жылдан бастап, 2019 жылдан бастап, 2022 жылдан бастап.



ىلىڭكوك نەننىنۇك ساج ،ۋاس ىنەدە مشررىزا دەدەسرىسەۋتە مىچاەننىتەب ،پىزىگىرىك قازاق اقساب ماھەڭنىنىتۇتتسنى قازاق اعدروبىنرو ،ناتقىدىن اعلوب تەمىزىق نەگىيۇس اتتىقىۋا ناعاسوب نەتپەتەكەم .رۇجە پىلوبىسىشۇتقىقو لڭىدەرەتپەتەكەم ناعىقو ىسالاب ىدازاج راتپاتىك ىتەكەرەكەن ىرەتپەتەكەم قازاق

ىغڭوس اقساب «نانىرادلارۇق ۇقو» ،«ىلارۇق لىتە» ىلىگەلب اعرال ىشۇقو ىغىرۇبەدەنۇك ىسو ىباتىك ىغڭوس لۇب .ناعزاج اشقازاق ماھە «ننىرەتسى ەپپىل» ادرادل ىج نەگىرۇج پىزاج نادىرتلىب ادراراق اعراباح ناعل ناداڭچا .رىتاج پىل ىسالاب ادروبىنرو پىل ىسالاب و ادنىقاج .ىتپىرىتەبەدەنۇك ىسو نىباتىك نەگەد «ىحىرات تەپىنەدام» پىراس نىبەتەكەم لڭىتقىقازاق نىرابە لڭىتقىقازاق ىعدرادلىج ىغڭوس لڭچا .كەرەكەسقىش ىغىرۇبەناتقىدىنوس .ناعلانرا ناعوس اد ىۋزاج ناعزاج ،دە ىسى نەگەتسى ،پىل ىق نىرەدەڭلەو ىتتاتە ىلىج مەكەرۇج ،نەكەتەبەرەت نىيوىسىلە لڭىننىۋب ساج ىعاتتىقىۋا زىمىرۇجە ىمال ىتسە ىرادلىج ىغڭوس

ىگەدن ىڭلەو ،قوج ناتقىمۇ ىسالاب قازاق ىلەن ىزوسە ناتقى ىغىرۇبە لڭىن لڭچا قارىب قوج نەگىرىكسە ىلەن ىراس ىلىگەلب

ەگىرىب نەمىلەج رىڭقو لڭىن اقرى ،پىلوبى ىنىراس ىتسۇك لڭىنى ىسالاد قازاق ىگىنۇك ىلەن :نىرۇبەلىج 10-15 نادۇب .رىتاج پىقلاش ،پىسە

،مىلامە ىرابە لڭىنى تەبمۇ لڭىتسالالا

زىماتى ىنوسەدەنۇك ىسو دە زىبە ،اسىتە لڭچا پەد – ؟ناعاملىت رات اعىزارات ىدلاق مىك .زىماتانى تاتىتق ادرا ناع لڭىن لڭچا پەد نەكەتو نانىسى ،ناعلىت رات اعىزارات پىلەك پىلانى ىلۋاناس ىرەلىسىك ناعىدىن اقرى ىم ،پىلوتانىسى لڭىدە قاپلاچ اقساب نادو

ىگەتتەبەدە ناعلاس لڭچا ،ىلىتە انا نەگەلرۇت لڭچا ،ىبەتەكەم قازاق ناقشا لڭچا ناع ىعدلىج 1916 لڭىنىتەزاگ «قازاق» ،«اسام» ،«لاسىم قىرىق» – ىنارۇك ىدىل ىشلە ناعامىجاق ىعدن ىلوج تاسا ىس ،مىل ىبە-رەنو ،ىگەبەڭ نەگەتسى انىسالاب قازاق ناعال ىج نىتالوب رەتسى نىتەپتەمۇ حىرات ،ات قاستىمۇ زىبە نىتارىق

ىدىپسالاۋاد دەمىكشە انىغىدىن ىش لڭىنۇب .ىدەلب ىرابە لڭىتتەرۇج ىنو

لڭىدىبە لڭچا دەنۇك ىتسنىۋاق ناعىتو پەتسى نىيوت قىدىل ىج 50 ناتقىدىنوس ىسىمەج لڭىنىسى نەگەتسى .ىرىبە لڭىن ناع ناعىگەبەڭ – لڭچا :زىمىزوسە نىتاتى ساج ناقاتاج پىرىك ،پىل ىزىتە نىبەتەكەم لڭچا ىترا لڭىنو .راتساج ناقاتاج لەكە نانىترا – «ىدىاناس پەد ىسىشس اب لڭىنىزەو ىد لڭچا ىتەبەدە قازاق ناقاتاج لەكە پىسو لڭچا ،نۇب

،پىلوب قازۇ لڭىنىرىمەو ،اسلوب دەلە ،ىدىامىنى نادۇلوب مەلاب ناعمات نانىمالاق ،ىدىپتەق ىسالاب قازاق نەدۇلەت نىۋلوب ىدىمىنو لڭىنىگەبەڭ





А.С.ІСІМАҚОВА

*филология ғылымдарының докторы,
профессор*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: «ЖАЗҒАН СӨЗ ЖАНЫМ АШЫП АЛАШЫМА»

*Адамдық диқаншысы қырга шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрга шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың.
(А.Байтұрсынұлы)*

Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясының, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алаш-орда» үкіметінің негізін қалаушы, мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы ғалым, ақын, аудармашы, «Қазақ» газетінің (1913–1918) ұйымдастырушысы әрі бас редакторы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны Ахмет Байтұрсынұлы (5.09.1872–8.12.1937) қазіргі Қостанай облысын-дағы Сарытүбекте (Торғай уезінің Тосын болысы, №5 ауылы) дүниеге келген. Архив деректеріне жүгінсек, А.Байтұрсынұлының өз қолымен толтырылған «Ағартушылық халық комиссариатының қызмет тізімінде: «5 сентябрь 1872 г.р.» (ҚРОМО, 81-қ, 1-тізім) деп жазылған. Тағы осы қордағы: «Жауапты қызметкерлер анкета-сында»: «...1872 г., 5.IX урож. Торгайского уезда» деп көрсеткен.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы яғни араб таңбаларын негізінде ұлттық әліпбиге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері өз замандастары

тарапынан лайықты бағасын алып қана қоймай, күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

А.Байтұрсынұлының төмендегідей ғылыми еңбектері болғаны мәлім: Тіл құралы. 1-бөлім. Фонетика; 2. Тіл құралы. 2-бөлім. Морфология; 3. Тіл құралы. 3-бөлім. Синтаксис; 4. Әдебиет танытқыш; 5. Баяншы, методикалық жазбалар; 6. Тіл жұмсар. 1-бөлім. Практикалық грамматика; 7. Тіл жұмсар. 2-бөлім. Практикалық грамматика; 8. Оқу құралы (балалар әліппесі); 9. Әліппе; 10. Сауат ашқыш (ере-сектер әліппесі); 11. Әліппе-астар (Әліппеге методикалық нұсқау); 12. Оқу құралы (хрестоматия) (Т.Шонановпен бірге). 13. Ер Сайын; 14. 23 жоқтау;

А.Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тілі» деген терминді де өзі ұсынғанын біз есте сақтауымыз қажет. А.Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш Әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажет құндылықтарға айналғанына көз жеткізеді.

Теоретик А.Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулермен шектелмей, күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі яғни сол ізденістердің нәтижелерін қолданыстан шықпайтын өміршең оқулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі.

А.Байтұрсынұлының араб таңбаларын Қазақ тілінің фонетикасына сай бағындырып берген жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (өзбек, татар, т.б.) да оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. Осы орайда академик Ахметтанушы Рабиға Сыздықованың сөзіне жүгінсек: «А.Байтұрсынұлов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де қолданыла бастаған» (1: 34).

Ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб таңбаларын латыншаға ауыстырудың тиімділігі жоқ деген пікір айтқан А.Байтұрсынұлы бастаған зиялы топқа «ұлтшыл», «пантюркист», «панисламист», «советке қарсы» деген айыптар таңылды.

Араб жазуы тікелей ислам дінімен байланыстырылып, ғалымның сан жылғы еңбегі жоққа шығарылды. Уақыт көрсеткендей, латын жазуының да тағдыры ұзаққа бармады. А.Байтұрсынұлының Құран әріптерінен тұратын, ғылыми негізі дәлелденген «жаңа емлесін» латын әріптерімен, одан кейін кириллица таңбаларымен алмастыру халқымыздың сан ғасырдың ескерткіштері болып табылатын бағалы жазба мұраларынан қол үзіп қалуымызға әкеліп соқтырды.

Ана тілі жазуының реформаторы енгізген, араб жазуының таңбалары негізінде жасалған қазақ әріптері – жат жұрттарға қоныс аударуға мәжбүр болған (Қытай, Ауған, Иран, т.с.с. шет жұрттарда тұратын) қандас бауырларымыздың ХХ ғасырдың 1910-жылдарынан бастап, осы бүгінгі күнге дейін қолданып келе жатқан графикасы. Олар осы төте жазумен тек сауатын ғана ашып қоймай, кітаптарын да шығарып келеді. Бұл – ғалымның араб таңбаларын қа-



зақ тілінің жазылуына, оқылуына, баспа ісіне толық бейімдеп кеткенінің және осы жүйенің өміршеңдігінің басты дәлелдерінің бірі екені сөзсіз. Ғалым араб таңбаларын қазақ тілінің дыбыстарына бағындырып жаңа «төте жазу» емлесін айналымға осылай еңгізді.

Қазақ халқының әліппесі Алланың кітабы – Құран әріптерімен үндес екенін дәлелдеп кеткен А.Байтұрсынұлының бұл ғылыми жаңалығының мәнін біз әлі толық мойындамай келеміз. Оның үстіне, бұл – ғылыми мәні зор, мұсылман елдеріне үлгі болатын бірден-бір дәйек.

А.Байтұрсынұлының термин жасау саласында атқарған ғылыми жұмысына да ерекше назар аударған жөн сияқты. Лингвист-ғалым қазақ тілін талдау, тану саласында ғана төңкеріс жасап қоймай, оның салаларына (фонетика, грамматика, т.б.) қатысты категорияларды қазақша анықтап берді.

Бүгінгі ғалым-тілшілер қолданып келе жатқан лингвистикалық атаулар мен парадигмалар А.Байтұрсынұлыныкі екені айтылмай, қолданылып келді. Оларды атап айтсақ: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, анықтауыш, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі, т.с.с. «пән сөздері». Әрқайсысы сол өзі атауы болып тұрған категорияның мағынасын дәл білдіріп тұр. Бұлардың осыншама уақыт бойы авторы аталмай, қолданылып келгені – ғалымның ғылымға енгізген жаңалығының тарих сынынан өткен лингвистикалық дәлдігі және еңбегінің зая кетпегенінің тағы бір айғағы.

Ұлт ұстазының 1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» әдебиеттану, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми еңбек екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет – сөз өнері болса, оны халыққа түсіндіріп, оның көркемдік ерекшеліктерін, адамгершілік, кісілік, яғни имани, ғибратты, рухани сипаттарын таныту әдебиетшілердің, зерттеушілердің қасиетті парызы екенін А.Байтұрсынұлы осы екі сөзбен ғана түсіндіріп кетті.

Әдебиет деген не? Бұл сауалға бүгін дайын жауап бар ма? Осы орайда академик З.Қабдолов былай дейді: «Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік... Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлап арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндеі құлпыртып әкетеді.

Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық...» (2: 72).

Қазақ өлең құрылысының теоретигі академик З.Ахметов «Әдебиет танытқыштың» құндылығын былай деп анықтады: «Әдебиет танытқышта», негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз



болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырды» (3: 64).

Демек, қазақ өлең құрылысының, қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырып берген.

«Әдебиет танытқышта» бұл орайда көркемсөздің тектері мен түрлері «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. Адамның жан сақтау емес, жан қоштау керегіне қажетіне бағытталған: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература»... Әдебиеттің басқа ғылымдардан айырмашылығын айта кетеді: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді».

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы» (4: 165). Яғни әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді.

А.Байтұрсынұлы «Қарасөз бен дарынды сөз жүйесі» атты тарауда қарасөз бен көркемсөз аражігін анықтап берген. Сөйлеу түрлерін әдебиетші былай деп бөлген: «Жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау – толғау дейміз... Жалаң лебізді сөздерді қарасөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарындысөз деп атау қолайлырақ (4: 252). Осы тұста әдебиетші «бүгінгі әдебиеттануда айтылып жүрген «сөйлеу жанрлары» түрлерін айқындап береді: «Асылына қарағанда, «Қарасөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қарасөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлеңдісі, өлеңсізі болады (4: 252).

Б.Байтұрсынұлы «сөз несімен өзіне назар аударады» дегенге былай дейді: «Сөздің асыл болуы – ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» (4: 253). Осы екі түрлі сөз жүйесінің айырмашылығы туралы: «Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесі зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек

кезделеді. Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді». Себебі, «Сөз ақылға қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен, өң үйлесуін жарастық, келістік дейміз. Келістік – көрік негізі» (4: 253).

Көркемсөз несімен көркем? Оның басқадан ерекшелігі неде? Оған былай делінген: «Көркемсөз – айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркемсөз – айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліпттеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркемсөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады; қатты қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қисынын келтіріп, қиялдан туғызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның гана қолынан келеді. Жалаң сөзді қарасөз делініп, көркемсөздің дарынды сөз деп аталу мәнісі осыдан» (4: 255). Бұл ойын А.Байтұрсынұлы нақтылай түседі: «Қарасөз – жаратынды, тиіс ғалам турасындағы әңгімеде, дарынды сөз ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме».

Қазақстанның Түркиядағы төтенше және өкілетті елшісі Еркебұлан Сәпиев қауымдастықтың арнайы өкілін қабылдады. Қазақстан мен Түркия елдері арасындағы экономикалық, әлеуметтік, оқу-білім, ғылым, мәдени, достық байланыстардың, сонымен бірге қауымдастық өкілдігінің жұмыстарын жандандыруды ерекше атады.

Арнайы өкіл Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының басшылығының, Зауытбек Тұрысбековтың сәлемін жеткізді. Қазақ елшісі қауымдастықтың қызметкеріне екі ел арасындағы байланыстарына сәттілік тіледі.



ҚАҢДАС МӘРТЕБЕСІН АЛҒАҢДАРҒА ҮКІМЕТТЕН ҚАҢДАЙ ҚОЛДАУ БАР

Қазақстан Үкіметі этникалық қазақтарды репатриациялау саласында белсенді мемлекеттік қолдау жүргізеді. Қоныс аударуға және тұрғын үйді жалдау жөніндегі шығыстарды жабуға арналған субсидиялармен қатар, қандастарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары және басқа да жеңілдіктер беріледі, деп хабарлайды ҚазАқпарат Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне сілтеме жасап.

Қандас мәртебесін алуға немесе ұзартуға, сондай-ақ қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтінішті этникалық қазақтар жергілікті атқарушы органдарға, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне бере алады.

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы ҚР Үкіметі қандастарды қоныстандыру үшін айқындаған өңірлерге – Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарына бөлінеді.

Бұл ретте өңірлік квотаға енгізілген қандастарға көшуге (отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК-тен біржолғы төлем) және 12 ай ішінде жалдау шығыстарын жабу мен коммуналдық қызметтерді төлеуге (отбасына 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде) субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған.

Сонымен қатар, қандас мәртебесін алған этникалық қазаққа келесі қызметтер көрсетіледі:

- ҚР аумағына кіру кезінде көлік құралдарын қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған мүлікке кедендік төлемдерді төлеуден босату;
- қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында тегін бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін қамтамасыз ету;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін оқу ұйымдарына оқуға түсуге квота шеңберінде білім алу (Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін квота 4% мөлшерінде белгіленген);
- Қазақстан азаматтарымен тең жағдайда жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен қамтамасыз ету;
- мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға өтініш беру мүмкіндігі.

Бұдан басқа елде тұрақты тұратын қандастар жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын ала алады.

Айта кетсек, биылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 9 077 этникалық қазақ тарихи отанына оралып, қандас мәртебесін алды. 1991 жылдан бастап республикаға барлығы 1 млн 96,9 мың этникалық қазақ оралды.

Осы жылдың басынан бастап Қазақстанға келген қандастардың жартысынан астамы (69,9%) Өзбекстаннан, 10,3% – ҚХР-дан, 7,1% – Түрікменстаннан, 4,0% – Моңғолиядан және 8,7% – басқа елдерден келген.

**КЕНЖЕТАЙ КҮРКЕБАЕВ**

*филология ғылымдарының кандидаты,
доцент*

ЕНИСЕЙ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Көне түркі руникалық жазулары ғылымның сан алуан салаларынан әртүрлі деңгейде зерттелгені белгілі. Алайда бұл жазба ескерткіштердің жанрлық ерекшеліктері туралы мәселенің нақты нүктесі әлі күнге дейін қойылған жоқ. Оның себебі көне түркі жазба ескерткіштерінің жанрлық сипатының көп қырлылығы, көп құрамдығы, кең ауқымдылығы. Сонымен қатар зерттеушілердің шағын мәтіндерге аз көңіл бөлуі ондағы ақпараттардың мардымсыздығы және қысқа жазуларды түсіндірудің қиындығы. Табылған жазулардың әбден көнеленіп ескіруі мен мүжіліп көрінбей қалуы да қиындықтар тудыратыны сөзсіз. Сол себепті де көне түркі руникалық жазуларының жанрлық әртүрлілігі түркітану ғылымы үшін әлі де шешімін толық таба қоймаған аса өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Түркітану кеңістігінде С.Е. Малов, А.М. Щербак, И.Л. Кызласов, Э.Р. Тенишев, Э.Р. Рыгдылон, С.Г. Кляшторный, Д.Д. Васильев, И.В. Кормушин сияқты ғалымдар Енисей жазуларының оқылуы мен аудармасына, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерімен жазбаша және ауызша сөйлеудің өзара әрекеттесу мәселелеріне баса назар аударса, И.В. Стеблева сияқты зерттеушілер прозалық немесе поэзиялық жанр түрі мен әдебиеттану ғылымындағы сипаттамасына ерекше көңіл бөлген еді.

Орхон-енисей жазба ескерткіштерінің тілін зерттеген Э.Р. Тенишев көне түркі жазба ескерткіштерінің жанрлық ерекшелігі сан салалы көп құрамды екенін алға тартады. Ғалым жазудың негізгі жанрлық ерекшелігін «тарихи-библиографиялық ақпараттар мен мола басына орнатылған құлыптастар-

дағы жоқтау мен еске түсіру мәтіндері, жартастар мен тастардағы, тұрмыстық бұйым заттардағы магиялық, діни, құқықтық сипаттағы даналық сөздер мен ой-тұжырымдар», - деп көрсетеді [1, 38].

Тарихшылар мен лингвисттер Енисей ескерткіштерінің ұзақ эпитафиясымен салыстырғанда сапалы жаңа ақпаратты алып жүретіндігін және олар жазуды қолданылуының басқа саласына жататындығын алға тарта отырып, жартастардағы, тастардағы, заттардағы қысқа жазулардың мақсатын ашу олардың жанрлық ерекшелігін түсінудірудің қайнар көзі болып табылатындығы туралы пікірлері негізінен бір арнаға тоғысады.

Осы орайда Қазақстанның Ертіс, Сыр, Талас, Шу, Іле, Ақтөбе аймағынан табылған *қола айна, күміс білезік, талас таяқшасы, күміс тостағанша, қыш құмыра* сияқты заттардағы руникалық қысқа жазуларда Орхон мен Енисей аумағынан табылған көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сабақтастық сақталған. Бұл қысқа жазбалардың жанрлық ерекшелігі көне түркі жазба ескерткіштеріндегі афоризмдік сипаттағы жазулар, мадақтау мен дұғалық сипаттағы жазулар, тақырыптық сипаттағы жазулар, тайпасы мен титулдық ченін сипаттайтын жазбалармен ортақ тұстары молынан байқалады.

Шындығында рунология іліміндегі қысқа жазуларды оқып жүйелеу жаңа жазба ескерткіштерге талдау жүргізуді жеңілдететіндігін және олардың семантикалық шекарасын айқындап мазмұны ұқсас жаңа жазба ескерткіштер тобын анықтауға мүмкіндік тудыратынын естен шығармаған жөн.

Көне түркі жазба ескерткіштеріне лингвотекстологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізген ғалым Құлмат Өмірәлиев бұл эпитафиялық ескерткіштер туралы былай дейді: «Енисей жазулары – өлінің тарихын сол өлген кісінің өзінің атынан баяндайтын мұңды шежіре. Мұның «тарих» болатыны – тірі кездегі бірді-екілі істері аталады; мұңды шежіре болатыны – тума-туыстарымен бірге өмір сүре алмағаны, олардан айырылғаны туралы айтылады. Мысалы, *Сіз: еліме, құнчуй-ума, оғланыма будунума, сізіме алтмыш йашымда алдырылдым. Атым – Ел Туған Тутуқ, бен теңрі елімке елшісі ертім, алты бағ будунқа бег ертім. Аудармасы: Сіз: елімнен, күнекейімнен, ұлымнан, халқымнан – сіздерден алпыс жасымда айырылдым. Атым Елтуған тұтық мен, теңрінің еліме елшісі едім, алты бау халыққа бек едім*) [2, 523].

Енисей жазбаларының жалпы сөйлем жүйесі негізіне бір-екі сөйлем мен он шақты сөйлемнің арасын қамтиды. Сөйлем жүйесіндегі сөз тіркестері бір ыңғай үлгіде құрылып, көп жағдайды етістіктермен меңгеріле байланыса келе жиі қайталанып отырады.

Енисей жазуының негізгі жанрлық ерекшелігі - мәтін мазмұнындағы ақпараттық мәліметтер поэзия түрінде емес, тарихи прозалық қара сөз үлгісіндегі өлінің сөзі ретінде келуі, өлінің атынан айтылуы.

Енисей жазуының сан алуан жазба нұсқалары бойынша ұзақ жылдар бойы табандылықпен зерттеу жүргізген И.Л.Кызыласов «Рунические письменности евразийских степей» атты зерттеу еңбегінде қысқа жазулардың **жанрлық ерекшеліктерін** төмендегідей бірнеше топқа бөліп көрсетеді:



І. Эпитафиялық жазбалар. Бұл жазулар Енисей ескерткіштерінің ең айқын және ең үлкен тобын құрайды. Мұндай жазуларға (Е 1 - Е 3, Е 5 - Е 23, Е 25 - Е 32, Е 40 — Е 53, Е 55, Е 56, Е 58 - Е 63, Е 65, Е 66, Е 68- Е 73, Е 92, Е 96 - Е 98, Е 100, Е 104, Е 108—Е 110, Е 120, Е 121) сияқты 71 бітіктасты (стеланы) жатқызуға болады.

Бұл жазулардың мәтіндерінде тұлғаның өмірінің аяқталуына байланысты қайғы-қасіреті, дүние мүлкінің тізімі, қоғамдық еңбегімен оның негізгі құндылықтары, кейбіреулердің өмірбаяндық сәттері бірінші жақта баяндалады. Эпитафикалық жазбалар өте ауқымды болғандықтан түркітанушылар оны басқалардан бұрын зерттеген[3, 181].

Ғалымның атап көрсетуінше эпитафиялық мәтіндерді ерекше мәтін ретінде таза текстологиялық тұрғыдан талдаумен бірге жазбаша ескерткіштер жиынтығының әлеуметтік мәні тұрғысынан да зерттеудің қажеттілігі зор. Бұл мәтіндердің безендірілуі мен құрылу заңдылықтарын, олардың мазмұнын, экспресивті құралдарын, ерекшеліктерін әдеби тілдің үлгісі ретінде талдау да күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз. Сонымен қатар палеографиялық, лингвистикалық, мәтіндік, әдеби және тарихи зерттеулерді толық көлемдегі деректанымдық кеңістік аясында да қарастырудың маңызы жоғары.


Бұрынғылармен қатар жаңадан ашылған жеке үлгілердің жанрлық мазмұнын анықтау үшін стелалардағы мәтін үзінділерінің өзі-ақ едәуір ақпарат береді. Алайда эпиграфист келесі белгілерге көңіл бөлуі тиіс:

А) мәтінді қорған құрылымының құрылысына кірмейтін бітіктасқа (стелаға) орналастыру;

Б) сызықтардың тік орналасуы, әдетте төменнен жоғары қарай оқылады;

В) мәтіннің алдында жеке таңбаның болуы және оның астынан қиып алынуды; жазуда белгілі бір сөздік қордың қолданылуы (еңалдымен: *egatirn, egrdamim, adlr'ildlm, bekmadim, jita, elim, qamm, qujdaquncujim, qadaJrtn, oflim, offanim, esizims*).

Рунологиялық зерттеу бағыттарында классикалық Енисей эпитафиясымен қатар, ерекше сипаттағы мәтіндері бар ұқсас ескерткіштер болғаны да айтылып жүр. Ежелгі хакас эпитафиялық канонының әсерінен олар кейбір



жергілікті жағдайларға байланысты оның кейбір ерекшеліктерін қабылдағаны белгілі. Оларға арнайы бітіктасқа (стелаға) орналастыру, сызықтың төменнен жоғары қарай бағытталуы, Енисей жазуын қолдану сияқты ерекшеліктер жатқызылады. Тіпті мәтіннің мазмұны тек марқұмның аты-жөнін көрсетуге дейін қысқартылып алынып, таңбасы ойылмай қалған. Сонымен қатар бітіктас (стела) қабірге (ежелгі хакастардағыдай) орнатылмаған, тек мемориалдық құрылымға қоршау орнатылғаны И.Л. Кызыласов бастаған зерттеушілер тарапынан анықталған. Ескерткіштердің мұндай орналасуын ескере отырып, соңғы ерекшелігі олардың Алтай мен Тува түріктеріне жататындығына болжам жасауға болады.

Енисей жазуларына алғашқы болып қалам тартқан С.Е. Малов эпитафияның мұндай жаңа түрлері Алтай тауларындағы Талду-Айры жазбасымен сәйкес келетіндігіне қол жеткізеді. Осы нұсқада оқылуы тиіс: $e(z) (a)fi (o)gii (a) j$ «Оның ер есімі - Ённо Ай». Бұл ескерткіш Тувадан табылған үш стеланың мақсатын да көрсетеді: *Оттук-Даш I (E 4) - kiiE ф](a)p(a)n iEr(a)ki (Его имя – Ичряки Кюч Кыяган (Ішкі дәрежесі Мықты Кыяган) [4, 20].*

Аборигендік эпитафаларға ежелгі хакас канонының талаптарын анағұрлым толық көрсететін, бірақ таңба белгілерінсіз және мемориалдық ескерткіштерге қойылған жазуға қосымша үш бітіктас кіреді. Оларға Алтай тауындағы Қосағаш бітіктасы, Тувадағы Кезек-Хүрее (E 58) мен Сарғал-Ақсы (E 6 0) бітіктастары жатады.

II. Межелік жазбалар. Бұл қысқа жазбаларға назар енді ғана аударыла басталғандықтан жазбалардың зерттелуі бастапқы сатыда екені айқын. Соның ішінде Қара Қорған мәтіні бұл топтың жазуларын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды ескерткіштің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта межелік сипатына қарай төрт жазба сақталған (E 33, E 34, E 75, E 134). Рунологтар бұл жазбаларды оқып талдауда бірқатар қиындықтарға тап болып отыр. Өйткені бұл жазбалар скиф дәуіріндегі қорғандардың қабырғаларында жазылған. Барлық жерде жазумен белгіленген қорғаныш тастың ерекше маңыздылығының белгілері бар және бұл мәртебені сақтау қажеттігі айтылған. Етістіктер императивті көңіл-күйде және мәтіндер белгілі бар үндеумен аяқталады. Жазулар қысқа және түсіндіру кезінде кездесетін кедергілер көп болғандықтан бұл жазбалардағы ұсынылған оқылымдарды түпкілікті деп санауға болмайды.

Межелік мәтіндердің өзіндік ерекшеліктері осы уақытқа дейін жарияланған дерекқорларда айқын көрсетілмей келеді. Бұл тіпті басқаларына қарағанда жақсы сақталған Кутен булук (E 75) жазуына да тән екені көрсетілген. Бұл мәтін жақсы сақталғанына қарамастан, оны оқу бойынша жұмыс әлі толық аяқталмағанын И.Л. Кызыласов өзінің зерттеу монографиясында атап өтеді [5, 64-66].

II. Тақырыптық-жазулар. Бұл топқа 10 жазба кіреді де белгілі бір аймақ объектісінің атауынан тұрады. Олар тау (ороним) немесе өзен (гидроним) атауларын қамтуы мүмкін, сонымен қатар ортағасырлық хакастардың қабылдау ерекшеліктерін көрсететін табиғи объектінің сипаттамалық және бағала-



ушы сипаттамасы бола алады. Бірінші типтегі мәтінге мысал ретінде жартастың ежелгі атауын қамтитын Хая-Баж және XVI (E 24/16) жазуы келтірілген q (a)ra s (e) g (i) r «Кара-Сенгир» (Қара таудың шыңы). Бұған құрамы тек баяндау бөлігімен ғана емес, мәтінді жасаушының атын көрсетумен де күрделі саналатын Мугур-Саргол (E 136) ұзақ жазуын жатқызуға болады. Жартаста осы таудың аты бар жақын маңдағы жол нүктесінің атауы да көрсетілген. Тепсей II (E 112) - t (e) p s(e)j k (e)c(i)g «Тепсей паромы», яғни. Тепсей тауының жанындағы қиылыс атауы.

Мугур-Саргол I, Хая-Баж II, IV, Тепсей II, IV типті жазбаларының мазмұны ортағасырлық хакастар арасында кең тараған әдет-ғұрыптардан туындаған деген болжамдар бар. Бұл жазбаларды кесілген мәтін ретінде анықтап, белгілі бір жерге жету фактісін білдіретін жол белгілері ретінде санауға да болады.

IV. Дұға жазбалар. Бұл топқа құдайға табыну мен жалбарынудан тұратын бес петроглиф жатқызылады. Тепсей V мәтінінің мазмұнынан ежелгі хакастар дүниетанымы бойынша қасиетті таудың өзі сондай құдыретті күш, құдай болғанын куәландырады. Бұған Крөсхай жазуы да дәлел бола алады. Сонымен қатар жазбаларға таңбаның жеке белгісі ілінген, ол жазуды оюшының қолтаңбасын ауыстырған. Бұл таулармен қатар басқа таулардың да құдайлық рухы (духы) табынушы мен қандай да бір жоғарғы жаратушы құдай арасында байланыстырушы қызмет атқарған. Бұған Туба II мен Тепсей VI қысқа жазуларындағы мәтіндері жатқызуға болады. Мысалы:

Туба II (E 36/2) — t(a)rjr(i)m cok bizka «Боже, снизойди до нас» и Тепсей VI (E 116) t(e)b s (e) j k(e)£(i)g s2(??)q(?n2?)5 I (s l , K2, s2)£ (e)r(i)l^ a t(a)gr(i)ma Jfok a j(e)rk (?) (a ?)

Бұл жазулардың мазмұнынан «Құдай, бізге қамқор бол», «мұқтаждық пен аштық жоғалсын», «Құдайым, жерге қамқор бол» сияқты жалбарыну, табынуға сәйкес келетін мәліметтерді байқауға болады. Бұл топқа жататын көне енисей жазулары түркілердің (хакас) бір кездері таулардың рухтарына қарата айтылған тәңіршілдік дұғаларының мазмұнынан тұрады [6, 91].

V. Рәсімнен кейінгі жазбалар. Топтың атауы шартты, өйткені көптеген қасиетті жазбалар рәсім кезінде немесе оның аяқталуының белгісі ретінде жазылған. Бұл жазбалар негізінен дәл сол салт-дәстүрдің орындалуы кезінде жазылып нәтижесінде мәтіндер құрылған. Бұған Қарасук өзенінің сол жағалауындағы Лисичья тауындағы жазуды жатқызуға болады. q(o)p соq b (i) t (i) m (i)s : sok(U)s(ii)g (a)r(i)m(i)s «Ең жиіркенішті (сөзбе -сөз: мүлде жек көрінішті). Мұны құдайдың қызметшісі жазды. Сен күпірлігіңнен (сөзбе-сөз: қиянат, қарғысыңнан) тазартылдың. Бұл жазуға мазмұны жағынан ең жақыны Хая-Бажи X (E 24/10) жазуы. Бұл топқа қорған плитасында жазылған Ұзын оба ескерткіші де жатады. Төрт жолдан тұратын бұл жазу таудың рухына құрбандық шалу дәстүрін бейнелейді.

VII. Мадақтау жазбалары. Бұл жазулар тарихшы үшін өте қызықты болып саналады. Мәтіндері әрі қысқа әрі ауқымды. Олар жаратылыстың екі идеологиялық мотивтерін ажыратуға мүмкіндік береді. И.Л. Кызыласовтың

зерттеу еңбегіндегі бұл жазулардың мазмұның жалпы сипаты адамның өмірлік жетістіктері оның рухани құндылықтарымен тікелей байланысты екені атап көрсетілген. Екі ғана жолдан тұратын «Городовая стена» деп аталатын биік жартаста жазылған жазумен Хая Бажи, Мугур-Саргол қысқа жазулары жатқызылады. Бұл жазу мәтіндерінде Кешдим, Удур Чигши, Қара Сеңгір сияқты жер-су атаулары кездеседі.

VIII. Сиқыр-дұғалық (бақсылық) жазбалар. Бұл топқа ұсақ заттарға жазылған үш жазу жатқызылады. Біріншіге салт-дәстүрлік тәжірибеде қолданылған жазулар мен белгілі бір ырым-жоралғыларда көрсетілген көне жазбалар жатады. Тұрақты ескерткіш ретінде Минусинск мұражайындағы қола айнада жазылған (A)sur қас «Асурий, кет! (Шайтан жоғал!)» қысқа жазуын қарастыруға болады. Зерттеушілер тарапынан жазбаның мазмұны мен оның метал айнаға басылып жазылуы Оңтүстік Сібірдің жергілікті байырғы тұрғындарының көне шамандық көзқарасы мен бақсылық дәстүрлі тәжірибесі бойынша түсіндіріледі.

Екінші жазуға ежелгі Кныши (Старые Кныши) аймағынан табылған қола айна мен оның сынық бөлшегінде сақталған руникалық жазу жатқызылады. Ол мынадай болып бөлшектеліп сақталған сияқты: (e)п (a)г (i)к... «Арсыздан қаш, ауруды қу... Бұл заттағы жазу Минусинск мұражайында № 5022 тіркеу бойынша сақталған, әлі жарияланбаған.

Үшінші жазуға Бейск аймағында табылған темір қанжардағы қысқа жазу жатқызылады. Кейінгі зерттеулерде заттар бетінде сиқырлы жазбалардың болғаны, алғашқы зерттеулерге қарағанда басқаша түсіндірілуі мүмкін. Мәселен темір қанжардағы үшінші жазу кй «Қорға (күзет)!», - деп оқылған.

Бұндай мазмұн жазуы кеңінен белгілі көптеген халықтардың діни дәстүріндегі темірден жасалған заттардың (бәрінен бұрын қару) рөлімен сәйкестендіріледі. Куня тауының жартасындағы қарғыс тек 1989 жылы біз арқылы зерттелді және әлі күнге дейін берілген жоқ. «Адасып қал! Кері кет!» Дәстүрлі әлемдік көзқарас фактілері адамдардың жындарға тәуелді болуы өз құрбанының таза емес күшін іздеумен байланыстырылады. Мысалы, хакас-жолшылар жол апаттарынан сақтану үшін: «Чолым ачых полный, сом туюх ползын. Соок, соок, соок» деген дұғаны қолданады. «Жолым ашық болсын, жабық нәрсенің бәрі менің артымда болсын. Менен аулақ». Төрт қарғыс-жазудың ерекшелігі олардың орналасу жеріне ғана емес, сыйыну заттары мен жартастарға емес, мәтіндердің өте қысқа болуы және екіден беске дейінгі ғана әріптердің болуымен ерекшеленеді. Стилистикалық белгісі ретінде етістіктер жекеше түрде, бұйрық райдың екінші жағында болуы, лексикалық – етістікті негіздер, жою-алып тастау немесе күзет-қорғанысты білдіретін, сонымен қатар, ізгі емес, күнәні білдіретін діни ұғымдарда бейнеленген.

Түйіндей айтқанда бұғытастар мен жартастарға, арнайы дайындалған құмдақ тастар мен әшекейлі алтын, күміс ыдыс-аяққа, металл айналар мен тиындарға қашалып бәдізделген енисей жазуларына палеографиялық, лингвистикалық, мәтіндік, әдеби және тарихи аспектіден салыстыра ғылыми сарап-



тама жүргізілгенде ғана эпитафиялық, межелік, тақырыптық жазбалар, дұға жазбалар мен рәсімнен кейінгі жазбалар, мадақтау жазбалары, сиқыр-дұғалық (бақсылық) жазбалар сияқты негізгі жанрлық ерекшелігі түркітану шеңберінде толыққанды айқындалатыны сөзсіз.

**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260070 гранты).*

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тенишев. Э.Р. Тюркоязычных письменных памятников языки. //Языки мира. Тюркские языки. - М., 1997. - с. 35-46.
2. Өмірәлиев Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес және Ж.Қ. Ибраева. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.
3. Кызыласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. - Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН. 1994. - 327 с.
4. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – Москва, 1952. 20;
5. Кызыласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. - Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН. 1994. - 327 с.
6. Кызыласов И.Л. Новые материалы по енисейской рунической письменности. – Советская тюркология. 1981, № 4 , с. 89 – 92.



А.С. МУРЗИНОВА

ҚазҰҚызПУ, қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., PhD доктор



ЭТНОСТЕРЕОТИП – ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕҮНЕСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

(қазақ, түрік тілі деректері негізінде)

Мақалада тіл білімінің лингвомәдениеттану саласында өзекті мәселеге айналған этностереотиптер (автостереотип пен гетеростереотип) ғаламның тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, қазақ, түрік тілі деректері бойынша талданады. Қазіргі тіл білімінде «этностереотип» ұғымын зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, ғылыми тұжырымдары сараланады. Қазақ, түрік фразеологиялық, паремиялогиялық қорындағы этностереотиптердің әр халықтың тарихи-мәдени деректерін тасымалдайтын құрал екені анықталады.

Қазіргі кезде тілдің тарихи-мәдени құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін лингвомәдени қызметіне ерекше көңіл бөліне бастады. Соңғы жылдардағы зерттеулер тілдің ұлттық ділден туындайтын өзіндік табиғатын ашуға бағытталуда. Бұл тілдің ұлттық реңкін, өзіндік ерекшеліктерін және сол тілде сөйлеуші халықтың дүниетанымымен тұтастықта, бірлікте қарау талабын қойып отыр. Осыған орай тіл білімінде «адам» факторын орталық ретінде қарастыратын лингвомәдениеттанудың зерттеу арнасы сан алуан ұғымдармен толығуда. Сондай ғылыми ұғымдардың бірі – «этностереотип» феноменімен тікелей байланысты.

Отандық және шетелдік ғалымдардың (Д.Қац, К.Брейли, Е.Л.Березович, А.Е.Некрасова, Л.В.Борисова, А.В.Разумкова, Ә.Т.Қайдар, З.К.Ахметжанова, Г.И.Исина, А.Қ.Таусоғарова, т.б.) еңбектеріне зер салсақ, біраз зерттеулер «этностереотип» ұғымына арналғаны байқалады.

А.В.Разумкованың пайымдауынша, этностереотип дегеніміз белгілі бір халық туралы тілде сақталған ментальді үлгі [1, с.16]. О.В.Лошманованың пікірінше, этностереотип – белгілі бір халықтың ұлттық мінезінен ақпарат беретін, тілде бейнеленген, эмоционалды бағалауыштық мәнге ие тұрақты бейне [2, с.7]. А.Қ.Таусоғарованың түсіндіруінше, этностереотип – тілдік санада бұрыннан бар этникалық ақпаратты тірек ету негізінде пайда болатын тұжырымды құрылым [3, б.89].

Осы тұжырымдарды саралай келе, мынандай түйін жасауға болады: адам белгілі бір халықтың өкілі болғандықтан, сол ұлттың мәдениетінде танылған этностереотиптері арқылы тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияға түседі. Этностереотиптер халықтың тарихи төлқұжаты саналатын фразеологиялық, паремиялогиялық қорда сақталып, ғаламның тілдік бейнесінде көрініс береді.

Этностереотип – этнотілдік санада жатталған, аксиологиялық мәнге ие таңба. Яғни, этномәдени ұжымның құндылық бағдарына, әлеуметтік-мәдени өміріне, тарихи-саяси жағдайына байланысты қалыптасқан, тілінде рәсімделген ғаламның тілдік бейнесінің құрамдас бөлігі [4, б.40].

Этностереотиптің «өзім/өзге» тұжырымдарына қатысты туындаған автостереотип және гетеростереотип деген түрлері бар. Автостереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның өзі туралы өздерінің арасында кең тараған мінез-құлқын, ақыл-ой өрісін, құндылық бағдарын кескіндейтін тұрақты түсініктерінің тілдегі көрінісін білдірсе, гетеростереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның әлеуметтік-саяси, мәдени-тарихи қарым-қатынасының нәтижесінде қалыптасқан өзге этномәдени ұжым туралы тұрақты түсініктерінің тілдегі көрінісін білдіреді.

Қазақ, түрік халықтарының «өзім/өзге» бейнелерін кескіндейтін автостереотиптері мен гетеростереотиптері фразеологизмдер мен паремиялар құрамында ұйытқы компонент ретінде жұмсалып, әр этномәдени ұжымның өзіне тән көзқарасын көрсетеді. Осыған орай, қазақ, түрік тілдеріндегі фразеологизмдердің, паремиялардың ұйытқы компоненті саналатын автостереотиптер мен гетеростереотиптерді әр халықтың түр-әлпеті, мінез-құлқы, тұрмыс салты, әлеуметтік жағдайы, аңыз-әңгімелері, тарихи оқиғалары, т.б. негіз болған этностереотиптер ретінде талдауға болады.

1) Түр-әлпет негіз болған этностереотиптер:

«Қарадомалақтар қуанышы» (<https://egemen.kz>).

«Қаладағы қаракөздер қара домбыраның құлағында ойнайды» (<https://didar-gazeti.kz>).

«*Şakalı köse* ile ve [sic] gāyet *gök gözli* cühüddan hayr uman» [5].

Келтірілген мысалдардағы «қарадомалақтар», «қаракөздер» автостереотиптері арқылы қазақ балалары мен қыздарының жағымды мәндегі жиынтық бейнесі айшықталса, түрік тіліндегі «*şakalı köse*» (сөзбе-сөз ауд. сақалы жоқ), «*gök gözli*» (сөзбе-сөз ауд. көк көзді) гетеростереотиптері арқылы еврей халқының жағымсыз мәндегі жиынтық бейнесі сипатталған. Мұндай гетеростерео-

типтердің қалыптасуына түрік этнодүниетанымындағы «көзі көк, сақалы жоқ еврейлер сиқыршы болады» деген түсінігі ықпал еткен [6, б.94].

2) Мінез-құлық негіз болған этностереотиптер:

«...Біз, қазақ, «қой аузынан шөп алмайтын» халықпыз» (Ж.Рүстемұлы. Қанаты бар қара сөздер, 1 б). Қарамен берілген автостереотип арқылы қазақ халқының момындығы, шыдамдылығы, сабырлығы, көнбістігі бейнеленген.

«Қазақ адамды жылқыға теңеген. Жылқы деп отырғаны өзі – қазақ» (М.Мағауин. Сүркөжек аттың соңғы шабысы. 70 б). Бұл мысалдың тасасында қазақ халқының адал, әділ, ақылды, жаны таза, кірпияз, еркіндік сүйгіш, дала серісі т.б. секілді жағымды мінез-құлық сипаттайтын автостереотип жатыр.

Аталы сөзді киелі культке балайтын, қара қылды қақ жаратын шешен, ержүрек, өжет, мүддеге берік, білгір, намысқой қазақ халқының автостереотипі «қазақтың ақылы көзінде, қасиеті сөзінде» (Қазақтың мақал-мәтелдері, 11 б) деген паремияда көрініс тапқан.

Түрік тіліндегі «*türk'ün akli gözünde*» (сөзбе-сөз ауд. түріктің ақылы көзінде), «*türk'ün akli sonradan gelir*» (сөзбе-сөз ауд. түріктің ақылы соңында келеді), «*türk karar, kılıcı karımaz*» (сөзбе-сөз ауд. түрік қартайса да, қылышы қартаймайды) деген паремияларда көзімен көрген, қолымен ұстаған нәрсеге ғана сенетін, ержүрек, қайсар түрік халқының жағымды/жағымсыз мәндердегі автостереотипі кескінделген [5]. Ал «*laz kafalı*» (сөзбе-сөз ауд. лаздың басы), «*laz akli, kaz akli*» (сөзбе-сөз ауд. лаздың ақылы – қаздың ақылы), т.б. секілді паремияларда лаз халқы туралы жағымсыз гетеростереотип бейнеленген. Лаздар – Түркияның Грузиямен шекаралас аймағын мекендейтін халық. Түрік этносанасында «лаз» лексемасы – ақымақтықтың белгісі ретінде ассоциацияланады. Аталмыш гетеростереотиптің қалыптасуын түрік лингвисті О.А.Аксоy лаздардың жазба мәдениетінің кеш дамуымен түсіндіреді [5].

3) Әлеуметтік жіктелімі негіз болған этностереотиптер:

Қазақ және түрік халықтарының тілдік қолданысында «сары қазақ», «ескі қазақ», «жаңа қазақ», «*beyaz türk*», «*siyah türk*», «*gri türk*» деген автостереотиптер жиі кездеседі. Тарқатып айтқанда, «сары қазақ» автостереотипі – қазақ халқының ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, жүрегі қазақ деп соғатын өзге ұлт өкілінің ұнамды бейнесін білдіреді. Гетеростереотиптен автостереотипке айналған «сары қазақ» лексемасының жасалуына қазақтың кемеңгер жазушысы М.Мағауиннің «Сары қазақ» романындағы бас кейіпкер – Станислав Юрьевичтің бейнесі ықпал еткен.

Қазіргі жастар тілінде «ескі қазақ», «жаңа қазақ» автостереотиптері кеңінен қолданыс тапқан. Аталмыш автостереотиптер жағымды/жағымсыз мәнде жұмсалады. Мәселен, «ескі қазақ» автостереотипі – дәстүршіл, ырымшыл қазақтың, ал «жаңа қазақ» автостереотипі – заманауи қазақтың бейнесін экспликациялайды.

Түрік тіліндегі «*beyaz türk*» (сөзбе-сөз ауд. ақ түрік), «*siyah türk*» (сөзбе-сөз ауд. қара түрік), «*gri türk*» (сөзбе-сөз ауд. сұр түрік) автостереотиптері әлеуметтік



жіктелімге байланысты туындаған. Айталық, «*beyaz türk*» автостереотипі – ақсүйек, бай түріктердің, «*siyah türk*» автостереотипі – әлеуметтік тұрмысы төмен, кедей түріктердің бейнесін сипаттайды [6].

4) Тарихи оқиғалар мен аңыз-әңгімелер негіз болған этностереотиптер:

Қазақ және түрік тілдеріндегі «*қазақ – мың өліп, мың тірілген халық*», «*Karamanın koyunu, sonra çıkar oyunu*», т.б. секілді паремияларда әр халықтың тарихи оқиғалары мен аңыз-әңгімелеріне қатысты қалыптасқан автостереотиптерін байқауға болады. Бірінші паремияда бейнеленген қазақ халқының ұнамды автостереотипі туралы академик Ә.Қайдар былай дейді: «Қазақ – қалмақ-жоңғар шапқыншылықтарын, Ресей отаршылдығын, Қоқан хандығының қоқан-лоққысын, 1932 жылғы ашаршылықты, 1937 жылғы азамат соғысын, Отан соғысын, т.б. бірінен кейін бірін жеңіп қайтадан көтеріліп, қатарға қосылып, имандылығы мен өміршеңдігін танытып келе жатқан халық» [7, б.104].

«*Karamanın koyunu, sonra çıkar oyunu*» (сөзбе-сөз ауд. *Қараман қойлары соңынан ойын шығарады*) паремиясындағы *Қараман* – Түркия мемлекетінің оңтүстігінде орналасқан қала. Түрік халқының аңызы бойынша, жаугершілік заманда Қараман әскерлері қой терісін жамылып, жау әскерлеріне ойсырата соққы беріп, жеңіске жеткен. Паремиядағы «*Қараман*» лексемасы арқылы түрік халқының ұнамды автостереотипі айшықталған.

5) Тұрмыс салты негіз болған этностереотиптер:

Қазақ және түрік тілдеріндегі «*еру ел ерулік берер*», «*çingene çalar, kürt oynar*», т.б. сияқты паремияларда әр этномәдени ұжымның автостереотипі мен гетеростереотиптері көрініс тапқан. Бірінші паремиядағы «*ерулік беру*» лексемасы – көшпелі қазақ халқының тұрмыс салтын білдіреді. Көшу – байырғы қазақ мәдениетінде аса маңызды іс саналған. Бұрын көшіп барып, еру елге айналған ауыл тұрғындары жанына көшіп келген көршілеріне «*қоныс жайлы болсын*» айтып, оларды дастарқаннан дәм татуға шақырған. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде ерулік беру – сыйластық пен қамқорлықтың белгісі ретінде рәмізделген. «*Еру ел ерулік берер*» паремиясында көшпелі қазақ халқының ұнамды автостереотипі бейнеленген.

Түрік тіліндегі «*çingene çalar, kürt oynar*» (сөзбе-сөз ауд. *сыған ойнайды, күрт билейді*) паремиясында түрік халқының өзге халық туралы жағымсыз мәндегі гетеростереотиптері сипатталған. Түрік этномәдени санасында «*çingene*» (*сыған*) және «*kürt*» (*күрт*) бейнесі – думаншыл, сауықшыл халық ретінде тап-таурындалған.

Түйіндей келгенде, қазақ, түрік фразеологиялық, паремиялогиялық қорларында сақталған этностереотиптер (автостереотиптер мен гетеростереотиптер) – әр этномәдени ұжымның құндылық бағдарына, бағалау өлшеміне, өмір сүру ұстанымдарына, ұлттық діліне, әлеуметтік-мәдени және тарихи-саяси жағдайларына байланысты қалыптасқан.

Демек, қазақ және түрік тілдерінің паремиялогиялық, фразеологиялық қорларында сақталған этностереотиптерге лингвомәдени тұрғыдан (диахрон-



дық-синхрондық) зерттеу жүргізу арқылы қазақ, түрік ғаламының тілдік бейнелерін толық сипаттай аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Разумкова А.В. Этнокультурная специфика образа «себя» и образа «другого» в языковом сознании русских, татар, коми (зырян)... автореф. дисс. на соис. уч. степ. канд. фил. наук. – Москва, 2018. – с. 24.
2. Лошманова О.В. Проблема англоязычных этиостереотипов в сопоставлении с русскоязычными в межкультурной коммуникации (австралийский и новозеландский варианты английского языка)... автореф. дисс. на соис. уч. степ. канд. фил. наук. – Москва, 2007. – с. 24.
3. Таусоғарова А.Қ. Этникалық стереотиптің тілдік рәсімделуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №5(157). – Б. 89-92.
4. Мурзинова А.С. Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде): филос. ғыл. докт. (PhD) ... дис. – Алматы, 2021. – 175 б.
5. Aksoy Ö.A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. İstanbul: İnkilap Kitabevi, 2012. 487 s.
6. Güldemir U. Texas Malatya. Tekin Yayınevi, 1992. 463 s.
7. Қайдар Ә.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік, Т.2. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 728 б.





АСАНБАЕВА СӘУЛЕ АСАНБАЙҚЫЗЫ

*Филология ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а. Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық университеті, Қазақстан,
Алматы қ.*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАРНАМА ТІЛІНІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әлеуметтік мән-маңызы ерекше саланың бірі-жарнама. Жарнама – өмірдің қыры-сыры мол, алуан астарлы саласы. Атап айтқанда, оның экономикалық, әлеуметтік, саяси, психологиялық, лингвистикалық және басқа астарлары болады. Айталық, көлем жағынан алғанда, жарнама – сөз және мәтін, шығарма, кино, кітап болуы да мүмкін.

Жарнаманың әсерлілігі, оның ықпалының артуы адам психикасының ерекшеліктерін ескеріп жасалған кезде ғана артады. Адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда мотив (себеп) деп атайды. Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай адам психологиясы әр түрлі өзгерістерге түсіп отырады. Жарнама бірден оқырманның, тыңдарманның, көрерменнің назарын аударуы керек.

Психология ғылымында ойлы назар және ойсыз назар деген болады. Біріншісі адам бір нәрсені көру үшін күш жұмсап, тырысуы керек, ал екіншісі – затты немесе құбылысты адамның ойламаған жерден байқап оған еріксіз көңіл бөлуі. Жарнама негізінде ойламаған жерден адам назарына ілігіп, оның санасына әсер ету керек. Ол тұтынушының қызығушылығын арттырып, көздеген затың сатып алуға итермелейді. Кейбір жағдайларда жарнама тұтынушының сезіміне әсер еткеннен кейін, екінші кезеңде мағынасымен қызықтырып, белгілі бір сезімді қалыптастырып, оны қуанып немесе таңдандырып, ал кейбір жағдайда ойламаған жерден шешім қабылдатып, абдыратады.

Жақсы жарнама адам санасында белгілі бір бейне (образ) жасап, сонымен байланысты нығайтып, қалыптастырады. Мұндай жағдайда біз

«жарнама» образымен танысамыз. Жарнаманың әсері дәлелді болуы пайдаланған тұжырымдамаларға тікелей байланысты. Егер де мұндай дәлелдер жарнамада жоқ болса, онда жарнаманың адам санасына ықпалы әлсіреуі сөзсіз. Жарнаманың тағы бір ұтымды жақтарының бірі – сезімге тікелей байланысты бір нәрсені көргенде туындайтын ассоциациялар. Бұл – бір нәрсені екінші нәрсеге ұқсату арқылы белгілі бір сезім ағынын туғызу.

Кез-келген ортаға байланысты әр түрлі жарнамаларға назар аударта білу – жарнама компаниялары мен агенттіктерінің жетістігі. Жарнама хабарлары, мейлі ол газет, журнал арқылы немесе радио, теледидар арқылы берілсін тұтынушы мен көрермендер арасында психологиялық байланыс туғызады. Жарнама хабарларының белгілерін қабылдау маңызды мәселе.

Жарнама белгілерін дұрыс қолдана білу жарнамашының шеберлігіне байланысты. Жарнаманың қолданылуын адам санасында белгілі бір уақыт аралығында белгілер (сигнал) жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Осы белгілер арқылы адам өзіне қажетті тауар жөнінде жан-жақты мәлімет алады. Нәтижесінде адамның ойында психикалық процесс жүреді. Бұл эмоциялық күйзеліс түрінде өтеді. Жақсы жарнама – дәл және нақты хабар мен ойдағыдай жаңалықтардың дер кезінде берілуі. Жарнама жасайтын мамандар бізде әлі өз дәрежесінде қалыптасқан жоқ. Жарнама жасауға психологтар, социологтар, тілшілер, экономистер керек. Иә, жарнама мәселесінің айтылатын, жа-

зылатын, зерттелетін мәселелері жеткілікті. Бұл - Қазақстан Республикасында шешуін таппаған, соңғы кезде қолға алынып келе жатқан жұмыстың бірі. Жарнама – алуан арналы ғылым. Сол себепті жарнаматану ғылымы қалыптасқаны жөн. Оның сүбелі саласының бірі – психологиялық арна.

Жарнама психологиясына байланысты шет ел ғалымдарының еңбектері баршылық. Мысалы, Американың белгілі ғалымдары Ч.Эдвардс, Р.Браун: «Реклама не может решать столь непосильные задачи. Реклама информирует и только» дейді. Олардың ойынша, жарнама ерекше құбылыс: «Реклама – это всякая оплаченная форма распространения сведений о товарах и методах обслуживания, обращенная к неопределенной группе людей». Тұтынушының өнімді сатып алуына тек қана өнімнің өзі емес, оған жасалған жарнама хабар әсер етеді. Егер жарнама мәтінін құрастырған кезде адам психикасының ерекшеліктері еске алынса, онда жарнама мақсатын жетеді. Себебі назар аударту, қызығушылық туғызу, ынталандыру – мұның барлығы психологиялық процестер.

Жарнаманың іс-шараларын дайындаған кезде тұтынушының басқа адамдармен бірге белгілі бір әлеуметтік байланыста болатынын еске ұстаған жөн. Бұл өзі бірге жұмыс істейтін жұмысшылар ұжымы немесе жанұя т.б. болуы мүмкін. Сонымен қатар өнімді сатып алуға шешім қабылдау тұтынушының мінез-құлқының ерекшеліктеріне де байланысты. Күнделікті саудада бұл ерекшеліктер соншалықты қажет бола бермейді. Мысалы, күнделікті қажетті: нан, сүт, ет т.б. өнім-

дерді сатып алу кезінде тұтынушылар мінез-құлқында ешқандай ерекшеліктер байқалмайды.

Сатып алу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Түрткі жағдай (мотив) адам санасы арқылы өтіп, мінез-құлқына әсер етеді. Осыған байланысты кеңес ғалымы В.В.Усов адам мінез-құлқының екі түрін ұсынады. Біріншісі «импульсті» мінез-құлқы, яғни сананың белсенді қатынасынсыз өтетін қимыл, екіншісі «проблемалық» мінез-құлқы - жан-жақты ойланудан кейін қабылданған шешім. Нәрсені сатып алуға түрткі болған жағдай өнімнің бағасына қатынаста анық көрінеді. Түрткі жағдай күшті болған сайын бағаға қатынас әлсіз бола бастайды. Күнделікті сұранымдағы өнімдердің (нан, сүт, ет т.б.) бағасы аз ғана өзгерсе, белгілі бір мағынаға ие болады. Ал қажеттілікті қанағаттандыру үшін сатып алынған өнімнің жоғарғы бағасы тұтынушының көңілінде қалмайды.

Қажеттіліктің пайда болуы адамда белгілі эмоциялық жағдайы қозғайды. Сатып алынған өнімнен кейін адамнан күш түсіп, психологиялық жағынан көңіл-күйі көтереңкі болады. Бірақ адам біршама уақытқа дейін ешқандай әсерге ұшырамайды. Біраз уақыттан кейін алдыңғы, сатып алуға дейінгі көңіл-күй қайта оралады. Жаңа психологиялық қызу мен эмоциялық күйзеліске ұшырады. Кейбір адамдарда сатып алынған өніммен байланысты күйзеліс тез қайтады, ал кейбіреуінің санасында ұзақ уақыт сақталады. Үшінші біреулерінде жоғалып кетіп, қайта оралады. Сатып алынған өнімнің нәтижесіндегі психологиялық салдарды тұтынушылар әр түрлі көтереді. Сатып алушының

бұл психологиялық ерекшеліктерін білу, келесі керекті өнімнің қажеттілігін жасауға бағытталған жарнама жұмыстары үшін негізгі позиция болуға қызмет етеді. Сатып алушылар кейбір өнімдерді оның қандай қажеттіліктерді қанағаттандыра алатындығына байланысты бағалайды. Сондықтан сатып алған өнімнің түрткі болған жағдайын (мотивін) адамдардың әлеуметтік өмірінің, жанұя-тұрмыстық ортасының, қарым-қатынасының, ақыл-ойының, қызығушылығының қоғамдық және өндірістік ұжым өміріне қатысу аспектісінде қарастыруға болады.

Талғам, әдеттенушілік, дағды болады, ол – адамның жасына, әлеуметтік ортасына, ұлттық ерекшелігіне, тұрған жеріне, өмірлік тәжірибесіне, біліміне адамның іс-әрекет нормалары мен пікірінің көрінісі.

Еліктеу деген болады, ол – басқа адамдардың пікірімен санаса отырып алынған өнім, әлеуметтік топтардың беделді мүшелеріне қарай бой түзеу арқылы жасалған әрекет. Өнімнің сатып алынуына әрқашан белгілі экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, географиялық факторлар әсер етеді.

Тұтынушылар әдетте затты не үшін сатып алғандығын біледі. Бірақ күткен өнімді сатып алу себебін түсіндіре алмайды. Кейбір тұтынушылар өнімді сүйсінгендіктен сатып алады. Кей жағдайда адамның беделі де әсер етеді. Беделді кісі (қоғам қайраткері, ғалым, кино артисі т.б.) тұтынушының психикасында із қалдырады. Айталық, Қазақстан Республикасында шығарылған, әсіресе, арақ-шарап өнімдерін жарнамалауда шетел артистерін жиі пайдалану байқалуда.



Мотивация (уәждеме) процесінде тұтынушылардың әдет-ғұрпы, көзқарасы, талғамы маңызды роль атқарады. Олар мотивация кезеңдерінен өту кезінде нақты қажеттіліктің қанағаттандырылуы негізінде пайда болады. Нәтижесінде тұтынушының өнімге деген әрбір қимылы ол үшін қажеттілік болып табылады. Көп жағдайда жарнама сатып алуға бірдеңе түрткі болып, есте сақтау арқылы санада әсер қалдыруы мүмкін. Кейін осы процесс өнімді сатып алуға себеп болады.

Жарнама адамдардың көңілін аударса, онда ол есте тез сақталады. Ол үшін жарнамалар мәтінінде аз сөз қолданып, түрлі-түсті айқын суреттермен басқа да көрнекі құралдарды ұтымды, тиімді, дәл қолдана білу керек.

Есте сақтау қабілеттерінің ерекшеліктеріне қарай адамдар жекелеген топтарға бөлінеді: а) кейбір адамдар көзбен көретін жарнамаларды жақсы сақтайды; б) қайсыбіреулері есту; в) енді біреулері қозғалыстағы жарнамаларды естерінде жақсы сақтайды.

Жарнамалардың әлеуметтік психологиялық факторлары. Жарнама тек қана экономика емес, сонымен қатар әлеуметтік психологиялық заңдарға да бағынады.

Адамдардың сұранымы үнемі бірқалыпты болып тұрмайды. Ол үнемі үздіксіз өзгеріс үстінде болады. Бұл өзгерістер тек қана табыстың өсу деңгейімен ғана байланысты емес. Ол белгілі бір психологиялық әсердің және техникалық прогрестің әсерінен де болуы мүмкін. Адамдардың сұранымына өзгеріс енгізуде жарнама үлкен қызмет атқарады. Айталық, оның мамандығы, білімі, жынысы, жасы сияқты факторлар да өз әсерін

тигізеді. Олар зерттеуде әлеуметтік процестердің біршама ерекшеліктерін еске ұстауды қажет етеді. Басты ерекшелік таным объектісінің тұлға немесе әлеуметтік топ екендігінде. Кез-келген әлеуметтік процеске қатынасушылар ешқашан бірқалыпты болмайды. Тұтынушы қоғаммен белгілі бір қатынастағы оның бір бөлшегі болып саналады. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы олардың психикасының қалыптасуының негізгі факторы болып табылады.

Жарнаманы зерттеу барысындағы кейбір жасына, жынысына, қызметіне, тұрғындардың ұлттық құрамына байланысты социологиялық деректер статистикалық және мұрағаттық материалдардан, партиялық, кәсіподақтық, құжаттардан, санақ материалдарынан алынады.

Жарнама алдымен адамдардың ақылы мен сезіміне әсер ету керек. Оның психологиялық әсерінің нәтижесінде жасалған іс-әрекет адамдардың жеке еркі бойынша жасалған сияқты болуы тиіс. Кейбір адамдар өздерінің ойларында, көзқарастарында тұрақсыздық білдіреді. Мұндай адамдарды психология ғылымында белсенді адамдар деп атайды. Олар өмірде жиі кездеседі. Сондықтан да жарнама берілген плакат, хабарландырулар, мерзімді баспасөз, тележәне кинофильмдер адамдардың барлық мінез-құлқына сәйкес жасалынуы керек. Жарнамадағы сөздер мен көріністер, суреттер қандай жағдайда болмасын ақылы мен сана-сезіміне жақсы әсер етіп, олардың естерінде ұқытқа сақталуы үшін сәйкестендірілуі керек. Кез-келген жарнама көңіл аудартып, тұтынушыны



іс-әрекет жасауға ынталандыруы тиіс. Егер жарнамаға көңіл бөлініп, іс-әрекет жасалса, онда жарнаманың мақсатына жеткендігі.

Жарнаманы көрісімен адам бірден дүкенге кіріп, зат сатып алады деп ойламау керек. Өйткені, дәл осы уақытта адам жұмысқа асығып бара жатуы немесе ақшасы жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан жарнама сол затты сатып алғанша есте тұруы тиіс.

Жарнама құрастырушы адам тұтынушылардың назарын аударту жолдары мен олардың жарнама мәтінін тез түсінуін, есте сақтау процестерін жетік білген жөн. Жарнаманың нәтижесін белгілі бір психологиялық процестер жиынтығы ретінде түсінуге болады. Олар: назар аударту, қызығушылық туғызу, сезімге берілу, еске сақтау, шешім қабылдау, іс-әрекет жасау т.б.

Сонымен жарнаманың бірінші мақсаты – ынтаны ояндыру (ынталандыру). Егер адам үлкен көшеге шықса, онда ол сырғыған машиналарды, тротуарды, көшедегі әр түрлі дауыстарды естиді. Адамның бұл көріністерді түгел қамтуы мүмкін емес. Егер белгілі бір нысана назар аудартарлық жағдайда болса, онда ол басқа жалпы әсерлерден ерекшеленіп, адамның сезу мүшелеріне әсер ете бастағаны: көреді, сезінеді. Жарнаманың мақсаты негізінен, назар аудартуда. Назар аударту көптеген жолдармен жүзеге асады. Мысалы, газеттің майда хабарларының арасынан біз ең алдымен көзге жақсы көрінетін жуан қара жиекпен берілген хабарландыруды тез байқаймыз. Көлемі жағынан ерекшеленіп тұратын жарнама көптеген материалдардың аумағындағы басқа

жарнамаларға қарағанда едәуір назар аудартады. Бірақ өте үлкен көлемді жарнаманың да тиімсіз жақтары бар. Мысалы, трамвайда біз көбінесе отырған кезде жақсы көрінетін жарнамаға назар аударамыз, демек жарнама беруші жарнаманың көлемін дн еске ұстағаны жөн.

Жарнаманың бүгінгі күнге дейінгі тарихына зер салып қарайтын болсақ, оның әлеуметтік қызметі мен қоғамға тигізген әсерінің нәтижелері де әлі де болса тереңдетілген күрделі теориялық проблемаларды шешуді талап етеді. Жарнаманың бірсыпыра проблемалары психологиялық сипатта болатыны белгілі. Өйткені хабарды қолдану мен қабылдау адам өмірінде ерекше орын алады. Жарнама психологиясына байланысты О.А.Феофанов былай дейді: жарнаманың мақсаты – тұтынушының өнімге деген көзқарасын анықтап, соған сәйкес әсер ету («Задача рекламы – predetermined мотивацию поведения покупателя и соответствующим образом повлиять на нее»).

Шетелдік ғалымдар жарнаманы алдымен адам сана-сезіміне әсер етуші құрал ретінде пайымдайды. Жарнаманың адам сана-сезіміне әсер ету үшін көптеген әдістер қолданылады. Соның бірі – заттың өзіндік ерекшелігін «имидж» көрсету. Бұл әдіс шетел жарнамаларында жиі қолданылады, себебі әр түрлі фирмалар мен компаниялар шығарған бірыңғай өнімдердің көптеп пайда болуына байланысты әрбір кәсіпорын өз өнімін өткізу үшін заттың ерекше қасиеттерін көрсетуге тырысады. Сол арқылы тұтынушыларға біраз уақытқа дейін танымал болып,

кейін осы қасиеттері, ерекшеліктері жеткіліксіз болғанда өнімдерін өткізу үшін қосымша қасиеттер, ерекшеліктер ойластырады. Мысалы, Америкада «Marlboro» сигареті біраз уақытқа дейін әйелдерге арналған сигарет есебінде жарнамаланды. Кейін бұл сигарет «тек қана Вирджиния темекісінен жасалған сигарет емес деп, нағыз ерлерге» арналғанын көрсете келе сигаретке жаңа «имидж» берді.

Шетелдік жарнамаларда «имидж» тек қана өнімнің сорттарына емес, сонымен қатар әлеуметтік процестерді ерекшелеуде және әр түрлі үгіт-насихат, білім алу салаларында да жиі қолданылады. Мысалы, жарнамаға арналған американдық әдебиеттерде сатып алған автомобильдеріне мінезін анықтау әдеті жөнінде де көп айтылады. Айталық, байлар өздерінің әлеуметтік жағдайларын көрсету үшін төбесі ашық, түсі қызыл, сары, ақ «кадиллак» автомобильдерін сатып алуға тырысады. Бұл процестер соңғы уақытта Қазақстанда да байқалуда. Mercedes - Benz, BMW, Volvo, Audi, Ferrari, Lamborghini, Toyota Land Cruiser автомобильдерін бізде тек қана тұрмыс жағдайы жоғары кәсіпкер, коммерсант адамдар ғана сатып алуға мүмкіндіктері бар. Сол сияқты көптеген қала дүкендерінің көпшілікке арналмағандығын сыртқы көріністерінен оңай байқауға болады. Мысалы: Mega Almaty, Moskva metropolitan, Esentai Mall, Asia Park, Dostyk Plaza, Promenade, Grand Park, ADK т.б. сауда кешендеріндегі дүкендер мен шетел дизайнерлерінің арнайы тігілген киімдерін сататын дүкендерге кез-келген адам кіріп, сауда жасай алмайды. Біздің елімізде

де жарнаманың мұндай психологиялық аспектілерін ескерту керектігі дәлелдендей. Бірақ біздің қарастырып отырған мәселе жарнаманың психологиялық немесе экономикалық жақтары емес, лингвистикалық жағы, яғни мемлекеттік тілдің бұл салада жарнама тілі болу дәрежесіне жету мүмкіншіліктерін зерттеу.

Қазір не көп – ілінген жарнама көп. Олардың қаншалықты психологиялық немесе әсемдік көркемдеу жақтарына көңіл бөлгендігін, тек жарнама ісімен айналысушылар ғана емес, қарапайым қала тұрғындарының өздері-ақ байқауларына болады. Жарнаманың бүкіл өркениетті елдер зерттеген басты мәселесі мен оның негізгі қызметі тұтынушының назарын аудартып, жарнамаланып отырған өнімге немесе қызмет көрсету түрлеріне деген қызығушылығын туғызып, сатып алуға не басқадай іс-әрекет жасауға ынталандыру. Бұл жерде алдымен тұтынушылардың қажеттілігін ескеру – басты назардағы мәселе. Жарнамаланып отырған өнім тұтынушыға ой туғызып, назарын аудартып, түсінікті етіп қабылдай алатын жағдайда жарнамаланатын болса, бұл жарнаманың басты, негізгі мақсатының орындалып, іске асқандығы.

Жарнаманың өз қызметін атқаруы үшін жарнама мәтінін құрастыру кезінде адам сана-сезімінің ерекшеліктерін ескеріп жасаған кезде ғана жетеді. Негізінген жарнаманың адам сана-сезіміне әсер етуінің мынадай езеңдері бар: назарды өзіне аударту, қызықтыру, ынталандыру, сатып алуға немесе басқа да іс-әрекет пайдасына нақтылы дәлелдеме жасау, са-

тып алуға немесе іс-әрекетті пайдалануға мәжбүр ету.

Міне, жарнама мәтіні адам психикасының осындай ерекшеліктерін ескерген кезде ғана мақсатына толық жетеді. Қазіргі кезде қазақ тілінде беріліп жүрген жарнамаларда көбінесе бұл жағдайлардың біріне де мән беріп, бірі де ескерілмеген, себебі, жарнамалардың бәрі де тікелей орыс тілінен сөзбе-сөз аударылып, тіпті қазақ тілінің заңдылықтары сақталмастан жарияланып жүр.

Жарнама мәтінінің пәрменділігін арттыру үшін көптеген тілдік құралдарды, әсіресе, сарыстырулар, теңеулер, әр түрлі көрсем сөздерді тиімді, орынды пайдалана отырып жасалынған жарнамалардың әсері жақсы болып, тұтынушының тез, жылдам қабылдауына мүмкіндік береді. Тағы бір айта кететін мәселе – жарнама мәтіні қысқа әрі мәнді болуы тиіс. Бұл тұтынушының санасында тез қабылданып, ұзақ уақыт қалуына жақсы әсерін тигізеді.

Бір сөзбен айтқанда, жарнамада жалғыз сөздің өзі әсерлі болуы керек. Атақты орыс очеркисі В.Овечкин айтқандай: «В этом искусстве уметь единым словом, намеком вызвать учителя много воспоминаний, ассоциаций, бурю чувств» жалғыз сөз арқылы сезім құйынын ояту, биіктерге шақыру, ойды өзгерту, әрине, бұл оңай нәрсе емес, сондықтан да жарнама өнер өзін осы жолға бағыштаған адамнан қажымас еңбекті, таудай талапты, көп ізденістерді талап етеді.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, жарнама саласында кеңінен қолданылуы тиіс. Ол мынадай қажеттіліктерден туындайды:

1. Жарнама саласындағы қазақ тілінің беделін көтеру;

2. Тіл заңын жүзеге асыруға байланысты, мемлекеттік тілдің жарнама саласында қолданылуын қадағалау;

3. Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілдегі жарнама ісімен айналысатын мамандар даярлауды қолға алу;

4. Мемлекеттік тілде және басқа тілдерде берілген жарнамалардың әдеби тіл нормасына сәйкес келуін қадағалайтын орган ашу;

5. Мемлекеттік тілдегі жарнама жасаумен айналысатын жарнама агенттіктерін ашуды қолға алу;

6. Жарнама тілін жақсарту мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу т.б.

Бүгінгі таңда жарнаманы тек сауда құралы деп түсіну жеткіліксіз. Өйткені оның ықпалы да өрісі де күннен-күнге кеңейуде. Көпшілік “жарнаманы» тек саудамен байланысты ғана түсінеді.

Жарнама - қоғамның жемісі. Ол тарихи-әлеуметтік құбылыс. Адам болған жерде, сауда-саттық жүрген жерде жарнама міндетті түрде болады. Жарнама алдымен экономикамен тығыз байланысты. Айталық, елімізде жүріп жатқан нарық экономикасының барлық жаңалықтарымен біз алдымен жарнама арқылы танысамыз. Екіншіден, жарнама мәдени өміріміздің бір бөлігі. Себебі бүкіл адамзат қоғамындағы күллі мәдени жаңалықтар жөнінде алғашқы хабарды жарнама арқылы біліп танысатынымыз басы ашық мәселе. Мысалы, кез-келген шығарманың өмірге келіп, көпшілікке танымал болып, әрбір өнер адамының ерекше талантын бүкіл әлемге таныстыратын тек



осы жарнама хабарлары. Үшіншіден, жарнама мен саясат өте тығыз байланысты. Себебі жарнаманы коммерциялық және саяси жарнамаға бөлгенде жарнаманың өзі саяси жарнамаға қажет. Алғашқыда сауданы қалыпқа түсіруге арналып, кейін үлкен фирмалар мен компаниялар арасында бәсеке құралына айналған жарнама соңғы уақытта саяси партиялар арасында бәсеке күресінде де қолданыла бастады.

Нарық эканомикасына өтудің алғашқы кезеңдерінде жарнаманың біздің өмірімізде маңызды өмір алатындығы жөнінде ешнәрсе білмедік. Қазіргі уақытта жарнама әрбір қазақстандықтың күнделікті өміріне еніп отыр. Біз жарнамамен кез-келген бұрышта: теледидарда, радиода,

көшеде, газетте, журналда кездесеміз. Кейде жарнама бізге кері әсерін де тигізеді. Оның басты себебі жарнаманың басты сапасының төмен болуы немесе оның берілген уақытының бізге сәйкес, ыңғайлы болмауы. Жақсы жарнаманы жасап, оны дұрыс қолдана білу үлкен кәсіби шеберлік пен ғылыми зерттеуді қажет етеді. Өйткені жарнама жасау мен жариялауда кеткен болмашы кемшіліктің өзі тұтынушыға кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Қазақ тілін жарнама тіліне айналдыру - қиын да күрделі іс. Оның лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық қырлары (аспектілері) арнайы зерттеуді қажет етеді.

* Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09259988 гранты).

Пайдаланған әдебиеттер

1. Эдвардс Ч., Браун Р. Реклама в розничной торговле США. М., 1967. С.9.
2. Усов В.В Основы торговой рекламы. М.: Экономика. 1976. С.69-72.
3. Феофанов О.А. США: Реклама и общество. М., Мысль, 1974. – С.19.
4. Овечкин В. Сила успеха. М. Стр. 41





МУХАМЕТҚАЛИ А.А.

*Гуманитарлы ғылымдар магистрі,
Мемлекеттік тілді дамыту институтының
ғылыми қызметкері*

ҚАРАҚАЛПАҚ ҰЛТЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

Қарақалпақ халқы Өзбекстандағы Қарақалпақстан Республикасында, сонымен қатар Ферғана облыстарында, Астрахань аймақтарында және біршамасы Ауғанстанда мекендейді. С.П.Толстованың пікірі бойынша қарақалпақтардың халық болып қалыптасу процесі Арал теңізі маңында оғыздар мен шығыстан келген қыпшақ қимақ тайпаларынан құрылған Қаңлы бірлестігінің құрамында болған кезде басталған. Н.А.Баскаковтың айтуынша «Қарақалпақ халықтық тілі кейіннен Печенег (10-11), половцы (11-13), Алтын Орда (13-15) және үлкен Ноғай ордасы мен қазақ, өзбек одақтарына сіңісіп кеткен тайпалардың негізінде қалыптасқан», - дейді [1, 121]. Бұл пікірді зерттеуші А.Вамбери де қолдайды.

Халықтың ұлттық болмысын зерттеу фразеологизмдерін зерттеуден басталады. Халықтық фразеологизмдер ұлт тарихына қатысты тарихи дерек көздері ретінде бағаланып, танымдық бағытта қызмет атқарады. Лексико-семантикалық белгілерге толы тұрақты сөз тіркестері кез келген тілдің эмоционалды-экспрессивті реңкін келтіріп, ғасырлар бойы халық даналығын жеткізіп, көне замандардағы түркі халықтарының тарихи және тілдік ортақтықтарының қолтаңбасы болып табылады.

Қарақалпақ тілі лексикасындағы қазақ, иран, араб, өзбек, түркмен, ұйғыр тілдері элементтерінің молдығы ол тілдің фразеологиясына да әсерін тигізбей қоймағаны ақиқат. С. Наурызбаева зерттеу еңбектерінде көптеген фразеологизмдердің түркі тілдеріне ортақ екендігін сөз етеді.

Профессор Гүлдархан Смағұлова «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты монографиясында тарихи фразеологизмдерді тақырып жағынан үшке бөліп қарастырады:

1. Тарихи есімдерге байланысты туған фразеологизмдер.
2. Тарихи оқиғаларға қатысты жасалған фразеологизмдер.
3. Тарихи жер-су аттары кездесетін фразеологизмдер [2].

Осы орайда қарақалпақ тіліндегі фразеологизмдерді де *этностың шығу тегіне байланысты туған фразеологизмдер, тарихи оқиғаларға байланысты туған фразеологизмдер және тарихи жалқы есімдер* кездесетін фразеологизмдер деген негізгі үш топтарға жіктеп қарастырсақ болады.

Қарақалпақ тіліндегі фразеологизмдердің шығу тарихы әр түрлі. Олардың басқа тілден еніп, фразеологизмдердің компоненті сипатына ие болып әлеуметтік мәселелерді сипаттаушы рөлін де атқарады. Түркі халықтарының фразеологиялық жүйесі ертеден келе жатқан лексика-семантикалық топтардың бірі.

XIV-XV ғасырларда қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдері Ноғай Ордасында қалыптасып, кейінгі дәуірлерде осы бірлестікте туындаған тілдік ұқсастықтары мол. Қазіргі кездерде түркі тілдерінде лексикалық параллельдерді зерттеу мәселесі едәуір нәтижеге қол жеткізді. Түркітанушы ғалым Н.А. Баскаков қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін түркі тілдерінің қыпшақ-ноғай тобына жатқызады [3, 87]. Ал қарақалпақ тілінің қазақ тіліне жақындығын фразеологизмдерінен айқын байқай аламыз. Қарақалпақ тілінің қазақ тіліне жақын тіл екендігін фразеологизмдерінен айқын байқай аламыз. Мәселен, екі компонентті, калькалау арқылы жасалған фразеологизмдерді қарастырсақ, төбе шашы тикке турыу - төбе шашы тік тұрды, қой аузынан шөп алмау – қой аузынан шөп алмау, мурнын балта шаппау – мұртын балта шаппау, бармағын тислеу – бармағын тістеу, бір урты май, бір урты қан - бір ұрты май, бір ұрты қан, аузын ашыу- аузын ашу, мойнына қурық салу - мойнына құрық салу, т.б. фразеологизмдерде орын тәртібі мен семантикалық мағыналары сол күйінде сақталған.

Тарихи фразеологизмдерде ақпараттық мән басым болады. Гүлара Айназарова «Қарақалпақ тилинде теңлес еки компонентли фразеологизмлер» деген еңбегінде екі компонентті әрі тарихи оқиғаларды суреттейтін фразеологизмдерді атап өтеді: *айдарлысын қул етти, тулымлысын тул етти; басы айдауда, малы талауда; жай жагадан алғанда, ийт етектен алған (заман); айрандай атлап, гүбидей писиу; басынан сырық, малынан қурық кетпей* [4]. Бұл фразеологизмдер өткен дәуірдегі халық тұрмысындағы қиын-қыстау уақыттарды, сол дәуірге тән колоритті суреттейді, әрі олардың шапқыншылық замандағы ұлт тағдырының жағдайына байланысты туғанын болжай аламыз.

А.К. Пирниязова «Этнолингвистические особенности фразеологизмов со значениями доброжелательства и недоброжелательства» [5] мақаласында қарақалпақ тіліндегі кейбір фразеологизмдердің этимологиясын түсіндіру мақсатымен ұлттың тұрмыс-салтына үңіледі. Халықтың мал бағып, балық аулауды кәсіп еткен қарапайым тұрмыс-тіршілігінің нәтижесінде туған еңбек, кәсіп, егіншілікке арналған фразеологизмдер мен нақыл сөздерді талдайды.



Мәселен, «жылымың майлансын» деп балықшыға, ал «қырманьың қызыллансын» деп егіншілерге, ал «төрт түлигиң сай болсын» деп мал шаруашылығындағы адамдарға кәсіптері «жемісті болсын» деген ақ ниетпен тілек білдірген. Кейіннен бұл тілектер тұрақты сөз тіркестеріне айналып, халық ауыз әдебиетінде тұрақтаған.

А.Бегімовтың «Балықшының қызы» шығармасы қарақалпақ кеңес прозасында бірінші тарихи роман болғандықтан, онда көптеген аңыздар, тарихи әңгімелер, жырлар, халық өлеңдері, нақыл-мақалдар, жауап айтыстары қолданылады. Мәселен: «*Өли болсақ, бир шуқыр, тири болсақ, бир төбе*», енді сизлерден қалмаймыз, ақырғы демимиз таусылғанша жас Совет республикасын жаудан қорғауға биз де таярмыз!»- деп тұрып алды, - деген үзінде «*Өли болсақ, бир шуқыр, тири болсақ, бир төбе*» фразеологизмін атап өтсек болады [6].

Профессор Е.Бердимуратов өзінің ғылыми жұмыстарында мақал-мәтелдердің лексика-грамматикалық жағынан тұрақтылығына қарай оларды сөз тізбектерінің төртінші тобына кіргізеді. Ғалым халықтың этнографиялық даму тарихын бейнелейтін **мақал-мәтелдерді** атап көрсетеді: «Ел ағасы ақымақ болса, Елін жолаушы шабады» әусталы ел дүзелер», «сулыу сулыу емес, суйген сулыу», «адам сөйлескенше, жылқы киснескенше», «адам тилинен, мал шақынан», «билеги жууан бирди жығады, билими жууан мыңды жығады», «алтау ала болса, ауыздағы кетеди, төртеу түүел болса, төбедеги түседи», «көз қорқақ, қол батыр», «ер тууған жерине, иит тойған жерине», «көрпеңе қарай аяғыңды соз», «тек жүрсең, тоқ жүресең», «сөз сүйектен өтеди, таяқ еттен өтеди», «ет етке, сорпа бетке»[7].

Совет дәуірінде тараған мақал-мәтелдер мен афоризмдер:

1. Техника – дийханның досты.

Трактордың жақсы ислеуі,
Мол зүрәттің гиреуі

2. Егін – елдің сәни,

Билим – ердің сәни,

3. Суу – дийханның қаны,

Жер – қолындағы наны [8].

Қарақалпақ халық ауыз әдебиетінде «жеген ауыз уялар», «жақсы пара береди, жаман бара береди», «қыз тәнириси мал» сияқты революциядан бұрынғы ел басқарушы үстем топтарды сынауға негізделген мақал-мәтелдер болып табылады.

Кеңес үкіметі кезінде қарақалпақ халқы ұлттық, социалистік мәдениеті өркендеген социалистік ұлтқа айналды. Қарақалпақтардың көпшілігі 17 ғасырда және 18 ғасырдың орта кезінде Сырдарияның ортаңғы ағысы мен сағасындағы алапты мекендеген. Олар жартылай көшпелі болған, *мал шаруашылығын, егіншілікті, балық* аулауды кәсіп еткен.

Егін шаруашылығына арналған мақал-мәтелдер:

1. Трактор менен жер айда,
Егер билсең сонда пайда.
2. Егін ексең илим менен,
Молығарсаң елиң менен.
3. Үй айналасы терек болса,
Таза қауада дем аларсаң,
Жериң тегис болса,
Бир тегис нәл аласаң.
4. Жериң дөң болса, насос құр,
Құрғын жасағын келсе, колхозға кир.
5. Садағаң болайын жаным колхозым,
Жұмысты көп ислеп қабым толтырдым [8].

Елдің билігі ру басы феодалдардың, ислам діні басшыларының қолында болды. Олар 1811 жылы Қарақалпақтарды жаулап алып, Амударияның сағасына көшірумен тынды. Қарақалпақтар аз уақыттың ішінде Хиуа хандығында бірнеше егіншілік аудандарын жасады. Қарақалпақ елінің капиталистік дамудың жалпы арнасына қосылуы мұнда товарлы мақта шаруашылығының дамуына, алғашқы өнеркәсіп орындарының пайда болуына жағдай жасады. 20 ғасырдың басында жұмысшылардың ұлттық алғашқы топтары пайда болды. Жалпы білім беретін орыс-қарақалпақ мектептері ашылды. Феодалдық өзара қырқысулар мен шапқыншылық жорықтар жойылды.

Ел басқарушыларға қарсы бағытталған мақал-мәтелдер (Хәкімшиликке қарсы дөретілген нақыл-мақаллар)

1. Қайып Хийұаға хан болды.
Ораз беги султан болды,
Абадан жұрт ойран болды.
Келди Қоныраттың нәубети.
2. Хан заманы қаныңды сорды,
Қаллаштың заманыңда телегің толды.
3. Хан ислеген зулымды,
Жан ислемес өмірде.
4. Хан көп болса,
Жау көп болады.
5. Қайырсыз хан семиреди.
6. Патшаң әдил болса,
Басып өтпе.
Халық берген шолақ қылышты,
Ауырлық етеди деп таслап кетпе.
7. Хан қасында қара билгиш болса,
Қара жер менен кемең жүрер.



8. Қудайым жамғыр ханға жолықтырма,
«Жолықтырма» дегенім болып турма!
9. Еки арба шеңгелден хәрем болмас,
Хийўаға неше барса да мәхрем болмас.
10. Төре билген, төреге бармайды,
Төре де өзиндей киси.
11. Ханымыз болды қарадан,
Биймиз болды парадан.
12. Халық сүймеген қәтқуданың қәдири болмас,
Мийнет пенен табылған уўдың зәхәри болмас.
13. Төресиз бийдің жазасы,
Гүман менен мойныңа салар.
14. Қорқып қылған бийлиги қурысын,
Хуў-хақ деп жыйнаған дүньясы қурысын.
15. Ким бий болмайын демейди,
Халқы қәлемейди [8].

Түркі халықтарының сөйлеу мәдениетінде айырықша орын алатын фразеологиялық, паремиологиялық тіркестер – тілдік қордың ерекше байлығы. Тұрақты тіркестерде сақталған этномәдени мазмұн арқылы әр ұлттың әлемді қабылдау мен түсінігі туралы ақпаратты аламыз. Бұл ретте, аялық білім ғана ұлттарды бір-бірінен бөліп, ерекше етіп көрсететін тіл байлығы. Осы рухани байлықтың коды – тіл-тілде сақталған тарихи-әлеуметтік сипаттағы тұрақты тіркестер. Бірен-саран салыстырмалы тұрғыдан қорғалып жатқан ғылыми жұмыстар ғана назар аудартады. Өзге жұртқа мәдениаралық коммуникациядағы тұтастықпен танылып жүру – түркі халықтарының ортақ мүддесі. Түркі әлемінің фразеологиялық бейнесін тұтастықта алып, салыстырмалы тұрғыдан қарастыру, оның ғылыми концепциясын айқындау кезек күттірмейтін мәселе.

**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260438 гранты).*

Әдебиеттер

1. Баскаков, Н.А. (1966) Тюркские языки (общие сведения и типологическая характеристика) // Языки народов СССР. М.: Наука. Т. 2. Тюркские языки. 529 с.
2. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. – 256 бет.
3. Баскаков, Н.А. (1962) Введение в изучение тюркских языков. М.: Высшая школа. 331 с.
4. Айназарова Г. Қарақалпақ тилинде теңлес еки компонентли фразеоло-



гизмлер. Нөкис: Бердақ атындағы Қарақалпақ мәмлекетлик университети, 2005. — 83 б.

5. Пирниязова А. К. Этнолингвистические особенности фразеологизмов со значениями доброжелательства и недоброжелательств. Вестник Челябинского государственного университета, 2019. – 127-135 бб.

6. Бегимов А. Балықшының қызы, Нөкис: 1958 ж.

7. Бердимуратов, Е.Б. Каракалпакский язык: (Фонетика, морфология, синтаксис). Пособие для учителей, работающих в рус. шк. / Е.Бердимуратов, А.Умаров, П. Бекимбетов. - Нукус: Каракалпакстан, 1983. - 152 с.

8. <http://kitarxana.com/kitap/naqil/>



АУДАРЫСПАҚ

Ол – қазақ, қырғыз халықтарының арасында кең тараған ойын. Атқа мінген екі адам жекпе-жекке шығып, бірін-бірі аттан аударып тастауға тырысады.

Аударыспаққа үлкен тойларда арнайы жүлде тағайындалады. Оған он сегіз жастан асқан қарулы жігіттердің қатысқаны жөн. Аударыспақ ойынының ережесі бойынша сайысқа қатысушылар салмақтарына қарай үш топқа бөлініп, күш сынасады. Ептілікті, күштілікті, тапқырлықты, батылдықты талап ететін



спорттық ойын. Жарысты өткізетін ұйымның рұқсатымен жарысқа 17 жастағы жасөспірімдер де қатыса алады. Бірақ оған жаттықтырушы мен дәрігердің анықтамасымен ғана жіберіледі. Сондықтан да жарысқа жіберілген қатысушыларға жарысты өткізетін ұйым жауап беретіндіктен, жарысты өткізетін ұйым бас төрешіден, бас хатшыдан, бас дәрігерден және мал дәрігерінен тұратын комиссия құрады. Олар жарысқа қатысатын спортшылар мен сәйгүліктердің құжаттары мен тапсырыстарын мұқият тексереді.

Спортшының дене бітімі, салмағы аударыспақта үлкен рөл атқарады. Жарысқа қатысушылардың салмағы:

1. Жеңілдеу салмақ – 60 келіге дейін.

2. Жеңіл салмақ – 70 келіге дейін.
3. Орта салмақ – 80 келіге дейін.
4. Ауыр салмақ – 80 келіден жоғары.

Спортшылардың салмақ категориясын анықтау жарыстың басталуынан екі сағат алдында өткізіледі. Салмақты анықтау жарты сағатқа созылады. Салмақ өлшеуге кешігіп қалған спортшы жарысқа қатыстырылмайды. Таразыға өлшенген кезде қатысушының куәландыратын суреті бар құжатын көрсетуі тиіс. Спортшылар таразыға шешініп өлшенеді. Жеке және жекелей командалық жарыстарда спортшы өлшенген кезінде оған белгіленген тек бір ғана салмақ категориясы бойынша қатысуға ерікті. Спортшыларды бас төреші тағайындаған комиссия өлшейді. Оның құрамында бас төрешінің орынбасары, дәрігер, жарыстың хатшысы болады.

Төрешілік ережелерге сай аударыспаққа қатысушылар жарыс алдында алдыңғы аға төреші шеңбердің ортасында тұрып, жанындағы төрешілердің дайын болған-болмағандығын тексереді де жарысқа қатысушыларды белгі беріп шақырады. Аға төрешінің ысқырығы бойынша екі атты шеңбердің ортасына шығып бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Аға төреші ер-тұрмандарын тексергеннен кейін спортшылардың аты-жөнін, салмақ дәрежелерін және қай командадан екенін хабарлайды. Екі қарсылас бір-бірімен қол алысып, қарама-қарсы жаққа шеңбер сызығының бойына барып тұрады. Жекпе-жек аға төрешінің белгісі бойынша басталады. Аударыспақ аяқталғаннан кейін спортшылар шеңбердің ортасына келіп бастапқы қалыпта тұрады. Бас төреші ойынның нәтижесін хабарлағаннан кейін барып шеңберден шығады.

Аударыспақ аға төрешінің ысқырығымен басталады және тоқтатылады. Тартыс 5 минутқа созылады. Егер осы уақыт ішінде олар бір-бірін жеңе алмаса ұпай санына қарап бәйге беріледі. Спортшы жарақаттанған немесе киімі қолайсыздық туғызған жағдайда ғана жекпе-жек әр спортшы үшін 5 минутқа тоқтатылады. Егер 5 минуттан асып кетсе немесе ойынды жалғастыра алмаса ол спортшыға жеңіліс жарияланады. Спортшы айқасты қайта-қайта тоқтата берсе оның тоқтатқан уақыты қосылып есептеледі, ол 5 минуттан аспауы керек.

Таза жеңіс

Жекпе-жек барысында аттан сүйреп түсірген немесе аударып тастаған (егер оның денесінің бір мүшесі жерге тиген болса) спортшыға беріледі. Таза жеңіске 3 ұпай, жеңіліп қалған сайысшыға 0 ұпай есептеледі.

Бал бойынша жеңіске жету

Бәсеке кезінде басым түскен, яғни ескертуді аз алған және белсенді болған спортшыға жеңіс ұпай бойынша беріледі. Ал ескерту алған және жарыстан шығарылған (ережені бұзғанда және екінші рет сақтағаннан кейін де сайыста белсенділік көрсетпегені үшін) спортшы балл бойынша жеңілді деп есептеледі. Балл бойынша жеңіске жеткенде 2 ұпай, жеңілгенде 0 ұпай беріледі.

Егер жекпе-жек аяқталғанша екі спортшының бірі жеңіске жете алмаса, сондай-ақ олардың алған ескертулері бірдей болса, тең түсті деп хабарлана-

ды да әрқайсысына бір-бір ұпайдан жазылады. Жекпе-жек кезінде қарсыласын қолынан, белбеуінен, үзеңгіден шығарып алуға тырысып, аяғынан ұстауға, кеудесінен құшақтап алуға, қарсыласын қолымен ұстауға болмайды, денесімен кез-келген жаққа итеруге, өз атының мойнынан құшақтап ұстауға, тізесін немесе табанын қарсыласының атының бүйіріне тіреуге рұқсат етіледі. Қарсыласын не оның атын қолымен, қамшымен ұруға немесе тебуге, қарсыласын басынан (бетінен, мойнынан, шашынан) немесе ер-тұрманнан (сондай-ақ аттың басынан, жалынан, құйрығынан) ұстауға, ережеде рұқсат етілмеген әдістерді қолдануға (қолын, саусақтарын бұрауға) және қолын қарсыласының аяғының және оның үзеңгісінің астына жіберіп ұстауға, тізгінді қарсыласының қолына, басына салып ұстауға тыйым салынады. Әдісті дұрыс қолданбаған спортшының бұрын алған ұпайлары есептелінбейді. Егер төрешілер спортшының біреуінің тыйым салынған әдісті қолданғанын байқамай қалса, онда жапа шеккен спортшының дауыстап белгі беруіне болады. Осы кезде тоқтатып, жағдайды анықтап, кінәліге ескерту жасайды. Жалған белгі берілген болса, ол тыйым салынған әрекет ретінде бағаланып, спортшы сондағыдай дәрежеде жазаланады. Тыйым салынған әдісті қолданғаны, шеңбердің сыртына әдейі шығып кеткені, сайысты дөрекі жүргізгені, шеңберге 2 минуттан астам кешігіп шыққаны үшін спортшыға ескерту жасалады. Жарысқа қатысушы екі адамның біреуіне ескерту жасалғанда екіншісіне 1 ұтыс ұпай есептеледі. Егер ескерту екі спортшыға да жасалатын болса, онда екеуіне бір-бірден ұтылыс ұпайы беріледі. Аударыспақ кезінде әр спортшыға екіден артық ескерту жасалмауы тиіс. Ережені ол одан әрі бұзса, жекпе-жек тоқтатылып, ондай спортшы жеңілді деп есептеледі. Спортшыны жарыстан шығару жөнінде шешім қабылдағанда оған бас төреші де қатысады.

Жарыстан шығару

Жарысқа қатысқан спортшы бас төрешінің шешімі бойынша мынадай жағдайларда екі ескерту алғаннан кейін үшінші рет ескерту жасау керек болғанда, тыйым салынған әдістерді қайталап қолдануға әрекет еткенде, қарсыласына, төрешілерге, көрермендерге, т.б. тартқанда, екінші рет шақырылғаннан кейін 3 минут бойы шеңберге шықпағанда, қарсыласына жекпе-жекте одан әрі жүргізе алмайтындай етіп, тыйым салынған әдісті қолданғанда жарыстан шығарылады. Жарыстан шығарылған спортшы жеңілді деп есептеледі, оған 0 ұпай, ал оның қарсыласына 2 ұпай беріледі.

Сайыстың нәтижелерін хабарлау.

Спортшының сайыста жеңгенін, тең түскенін не жарыстан шығарылғандығын бас төреші немесе оның орынбасары хабарлайды

ТЕҢГЕ (КҮМІС) АЛУ

Жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу үлкен ептілікті, ат құлағында ойнайтын шабандоздық тәжірибені талап етеді. Теңгені жер-





ден іліп алғандарға бәйге беріледі. Бұрындары қазақ жігіттері атпен шауып келе жатып қолындағы қылышымен жерде жатқан тезекті түйреп алып көкке лақтырып жіберіп, оны жалма-жан қылышымен екіге бөліп шауып түсіретін.

Жарыстың мақсаты – ең жай дегенде шоқырақтап шауып келе жатқан ат үстінен бір жағына еңкейіп, жерде жатқан орамалды іліп әкету.

Жарыс өтетін орын

Бастапқы орыннан сөреге дейінгі ара қашықтық 100 метр. Бастапқы орыннан 10-15 метрдей жерде мәре сызығы болады. Сол сызықтан 50-60 метр тегіс (ақшыл құм немесе ағаш үгіндісі төселген) жерде орамал жатады. Ол арадан сөреге дейінгі қашықтық 20-35 метр.

Жарыс өткізу тәртібі

Күміс алудан жекелей командалық жарыс өткізіледі. Сыртқа жіберетін төрешінің шақыруымен кезекті спортшы бастапқы орыннан мәре сызығына келіп тұрады. Төреші «Қане, жөнел!» деп әмір етеді. Сол бойынша спортшы шаба жөнеледі де екпінін бәсеңдетпей, еңкейіп орамалды алып, сөреге дейін шаба береді. «Жөнел!» деген әмірден сөредегі төреші жалауын сілтегенге дейінгі уақыт белгіленіп, ат шабыстан желіске ауысса немесе тоқтап қалатын болса, спортшының бұл жолы шабысы есепке алынбайды да оған нөл ұпай жазылады. Егер спортшы (зақымданбай) құлап қалса, оған атына қайта мініп, сол құлаған жерінен бастап әрі қарай шабуға рұқсат етіледі. Жарыста әрбір шабандозға үш рет шауып өтуге рұқсат беріледі. Орамалды жерден алғаны үшін бір, ала алмай қалса нөл ұпай беріледі. Команданың құрамы мен шабандоздың неше рет шауып өтуге тиіс болатындығын жарысты өткі-

зетін ұйым анықтайды және жарыс ережесінде жазылады. Жарыста орамалды көбірек көтеріп алған спортшы жеңіп шығады. Екі немесе одан да көп шабандоздың ұпайлары тең болып шықса, барлық шабыста уақытты ең аз жұмсаған спортшы жеңіске жетеді. Команданың орны оның барлық мүшесі алған ұпайлар қосындысы бойынша анықталады. Ал ұпайлар бірдей болса, команданың барлық мүшесінің уақытын қоса есептегенде уақытты ең аз жұмсаған команда бірінші орын алады. Жарысқа жан-жақты даярлығы жақсы, атқа шаба алатын, жасы 18-ге толған және одан да асқан ер азаматтар қатыса алады.

ҚАЗАҚША КҮРЕС



Қазақша күрес қазақтың ұлттық спортының тамаша түрлерінің бірі. Қазақша күрестен жарыс Октябрь революциясына дейін және революциядан кейін біраз

жылдар салмақтық топтарға бөлінбей өткізіліп жүрді. Бұл оған қатынасушылардың арасында теңсіздік тудырды. Қазіргі кезде қазақша күреске қатынасушылар салмағына қарай бес топқа бөлінеді. Бірақ оның өзі де жеткіліксіз.

Қазақша күрес еркін күреске өте ұқсас болғандықтан мұнда да салмақтық топтар еркін күрестегідей болу керек.

Спорттың ұлттық түрлерін мүмкіншілігінше қазіргі классикалық түрлерге жақындата түсу, оларды онан әрі өркендетудің және жетілдірудің негізгі міндеттерінің бірі. Спорттың ұлттық түрлерін бұл бағытта дамыту оны бұрынғыдан да мазмұнды және қызықты ете түседі. Бұл әсіресе еркін күрестің түрегеп тұрғанда аяқтан шалатын және қолмен белден төмен ұстауға болмайтын әдістеріне өте жақын. Қазақша күрес үшін тіпті маңызды. Мұндай әдістер орыстың, тәжіктің, қырғыздың, армянның, грузиннің тағы басқа халықтардың күрестерінде бар. Бұл жағдай қазақша күрестің техникасын, тактикасын, жаттықтыру әдісін жетілдіре түсуге мүмкіншілік тудырады.

Қазақша күрестегі бір ерекшелік шалу және қайыру сияқты әдістердің өте байлығында. Мұнда түрегеп тұрып лақтыру немесе жатаберіс тастау, белге салып лақтыру сияқты әдістерді де қолданады. Бұл негізгі әдістерге палуан аяғын жиі пайдаланады. Іштен және сырттан шалуды күрескен адамның күші басым болғанда қолдану пайдалы. Күші басым, бірақ әдісі шамалы адамдарды жоғарыдағы айтылған әдістерді жете меңгерген адам жығып кететін жағдай жиі кездеседі. Қазақша күрестің тағы бір ерекшелігі жерге жатып (партер) күресуге рұқсат етпейтіндігінде. Мұнда тек түрегеп тұрып, белдесіп күресу керек. Белбеу буынып күресуді үнемі талап етпеу керек. Себебі ол палуандарға түрлі әдістерді кеңінен қолдануға шек келтіреді. Сондықтанда белбеуді буынғанның өзінде оны бос етіп буындыру керек.

Қазақша күресте киетін киім спорттық жарыстардың негізгі ережелеріне сай ұлттық киім болу керек. Кейбір адамдар ұлттық киімдер дегенде ұзын шапан, арнаулы аяқ киім немесе етік керек деп түсінеді. Жарыста бұл киімдердің барлығының түгел болуы шарт емес. Әдеттегі палуандардың аяқ киімі, арнаулы іш киім қазақтың өрнектерін салып, мықты матадан тігілген жейде кюге де болады. Мұндай киім қазақша күреспен шұғылданатындардың барлығын қанағаттандыра алады. Жаттығу мен жарысты күрестің барлық түрлерінде қолданылатын арнаулы кілем үстінде жүргізуге болады. Ал ауылдық жерлердің жағдайында матрацтар, киіздер, кілемдерді пайдалануға болады.



нағзы еұт қидзысыялوق ымийк мсммн нағнаттақ араж ышттропс. ыделірмб мگیаб парاق
наттұнім 5 ргге. ыдалытатқот ақтұнім 5 нышұ ышттропс рая кж-мпкж аناع адыаджа
ыданалайраж сылыңж аعیшттропс لو اساملا ارىتساعلاج ىدنىيو مسممن مستهك پىسا
پىلىسوق ىتىقاۋ ناقاتقوت لىنو مسرمب اتاتقوت اتياق-اتياق ىتساقيا ىشتтропс
кжрмк ىۋاپسا ناتتұнім 5 لو، ыделмтпсسه

сыңж азат

лғыно ргге) наعاتسات پىرادۋا مسممن نهگرىسۇت پهرىۇس ناتتا ادنىسىراب كج-مپكج
3 مكسىڭج ازات. ىделیرمب اعیشتтропс (اسلوب نهگيت مگرهج ىسشۇم رىب لىنىسىسهنه
ىدلمتپسه ىاپۇ 0 اعیشسىياس ناعلاق پىلىڭج، ىاپۇ

ۋتج مكسىڭج اشنىيوب لاب

ناعلوب ىدنمسلمب ناع ناعلا زا ىدۇترمكسه ىنعاي، نكسۇت مىساب مدنیزمك مكساب
ناعلیراعىش ناتسیراج ناعناعاۋترمكسه لا. ىدلیرمب اشنىيوب ىاپۇسىڭج اعیشتтропс
كىلىدنمسلمب اتسىياس مد نىيەك نانناعاتقاس تەر ىشنىكە ناع ادناعزۇب ىنهجره)
لللاب. ىدلمتپسه پەد ىلىڭج اشنىيوب لللاب ىشتтропс (نىشۇ ىنهگمپتسسرورک
ىدلیرمب ىاپۇ 0 مدنەگلىڭج، ىاپۇ 2 مدنەكتج مكسىڭج اشنىيوب

اساملا متج مكسىڭج ىرىب لىنىشتтропс ىكە اشناعلاقايا كج-مپكج رگه
ادىانالراباح پەد ىتسۇت لىت، اسلوب ىدرىب ىرملۇترمكسه ناعلا لىدرالو قا-ىادنوس
،نانىلوق نىسالىسراق مدنیزمك كج-مپكج. ىدالىزاج نادىاپۇ رىب-رىب انىسىساقرا
نەنىسەدۋەك، اعۋاتسۇ نانىعاي، پىسىرىت اعۋلا پىراعىش نەدىگكەزۇ، نەنىۋمبلمب
نەگلمك-زمك نەمىسەنەد، ىدىاملوب اعۋاتسۇ نەمىلوق نىسالىسراق، اعۋلا پاتقاشۇق
نىنابات مسممن نىسەزىت، اعۋاتسۇ پاتقاشۇق نانىنىوم لىنىتا زو، مگۋرمتى اققاج
لنىنو من نىسالىسراق. ىدلەتە تاسقۇر مگۋرمتى نىرىيۇب لىنىتا لىنىسالىسراق
،نانىنىوم، نەنىتەب) نانىساب نىسالىسراق، مگۋرمت مسممن اعۋرۇ نەمىشماق، نەمىلوق نىتا
(نانىعىرىيۇق، نانىلاج، نانىساب لىتتا قا-ىادنوس) ناننامرۇت-رە مسممن (نانىشاش
(اعۋارۇب نىراتقاسۇس، نىلوق) اعۋنادلوق ىدرمتسىدا نەگملمتە تاسقۇر مەجرە، اعۋاتسۇ
پىرمبىج انىتسا لىنىسىگكەزۇ لىنو ناع لىنىعاي لىنىسىسالىسراق نىلوق ناع
ىدانىلاس مىيىت اعۋاتسۇ پىلاس انىساب، انىلوق لىنىسىسالىسراق ىدىگىزىت، اعۋاتسۇ
ىدىەبنىلەتپسه ىرالىاپۇ ناعلا نىرۇب لىنىشتтропс ناعابنادلوق سىرۇد ىتسىدا
نىناعنادلوق ىتسىدا ناعنىلاس مىيىت لىنىنىۋەرىب لىنىشتтропс رەلشەروت رگه
ىدالوب نەنىۋرەب ىگلەب پاتسىۋاد لىنىشتтропс نەككەش اپاج ادنو، اسلاق ىماقياپ
ىگلەب ناعلاج. ىدىاساج ۋترمكسه مگىلانىك، پاتقىنا ىدىادعا، پىتاتقوت مزمك ىسو
ىدىعادنوس ىشتтропс، پىنالاعاب مدنەتەر تەمكەراناعنىلاس مىيىت لو، اسلوب نەگلىرەب
ىيەدانىترىس لىدرەبگەش، ىناعنادلوق ىتسىدا ناعنىلاس مىيىت. ىدانالازاج مەجرە
ماتسا ناتتۇнім 2 مگرەبگەش، ىنەگىزىگرۇج ىكەرود ىتسىياس، ىنەكتەك پىعىش
ىكە ىشۇسىتاق اقسیراج. ىدالاساج ۋترمكسه اعیشتтропс نىشۇ ىناققىش پىگىشەك
رگه. ىدلەتپسه ىاپۇسىتۇ 1 نىسىشنىكە ادناعلاساج ۋترمكسه نەنىۋەرىب لىنىمادا
سىلىتۇ نەدرىب-رىب نەنىۋمكە ادنو، اسلوب نىتالاساج اعیشتтропс ىكە ۋترمكسه
ىۋاملاساج ۋترمكسه قىترا نەدىكە اعیشتтропс راء مدنیزمك قاپسىرادۋا. ىدلیرمب ىاپۇ
ىدىڭج ىشتтропс ىادنو، پىلىتاتقوت كج-مپكج، اسزۇب ىراء نادو لو ىنهجرە. سىيىتە
ساب ناعو ادناعادلىباق مىشەش مدنىنوج ۋراعىش ناتسیراج ىنىشتтропс. ىدلەتپسه پەد
ىداسىتاق مد ىشەروت

ۋراعىش ناتسیراج

ادرالىادعا ىادنم اشنىيوب ىمىشەش لىنىشەروت سباب ىشتтропс ناقسىتاق اقسیراج



БІРЖАН ҚОСАЛИЕВ:

АУДАРЫСПАҚТА КҮШІН МЕН ӘДІСІН ҰШТАСУЫ КЕРЕК



Халқымыздың ерекше өнері аударыспақ спортынан әлем чемпионы Біржан Қосалиев бүгінгі ұлттық спорттың дамуы, аударыспақ спортының қыр-сыры жайлы сұхбат берді.

– Туған жеріңіз, балалық шағыңыз, біліміңіз жайлы айтсаңыз?

– 1985 жылы сол кездегі Оңтүстік Қазақстан, қазіргі Түркістан облысы Төле би ауданы, Майбұлақ ауылында дүниеге келгенмін. 11 сыныпты сол Майбұлақта бітірдім. Одан кейін колледжде

білім алдым, ал ЖОО-ны сырттай оқыдым.

– Аударыспақ спортына қалай келдіңіз?

– Майбұлақта аударыспақ, жаппай көкпардан басқа спортқа мүмкіндік болған жоқ, өзімде басқа спорт түріне деген қызығушылық та бола қойған жоқ. 2011 жылға дейін жаппай көкпарда жүрдім. Әрине, ол тұрақты айналысатын дүние емес. Қызығушылық қой. Ауылда шілдеhana болса да, баласының шашын алса да бәйге өткізіп, көкпар бере береді. Соған төселіп қалғаннан кейін, онсыз отыра алмайтын секілді болып тұрады. Әрі үйден жақсы ат үзілмеді. Ат дайын, қол бос, көкпар шаппағанда не істейсің? Сонымен жаппай көкпарды жағалап жүрдім. 2011 жылы аударыспаққа келдім.

– Басында көкпардан бастадым дейсіз, аударыспаққа келу қиын болған жоқ па?

– Аударыспақ та, көкпар да ат үстінде өтеді. Содан болса керек, ұқсастықтары көп. Әрине, бұл айырмашылығы жоқ деген сөз емес. Аударыспаққа сол 2011 жылы келгенде, өзімнің де қызығушылығым болды. Оның үстінде жаттықтырушы ағаларымыз да көп дүниені үйретті.

– Аударыспақтан ең алғаш алған жүлдеңіз есіңізде ме?

– Әрине, есімде. Алматыда өткен ел чемпионаты болатын. 2011 жылы алғаш қатысқан ойыным әрі алғашқы алған жүлдем сол еді.

– Өзіңізге ерекше қарсылас болған аударыспақ палуаны бар ма?

– 2017 жылы ЭКСПО-2017 аясында өткен Әлем чемпионатында қарсылас болған тәжік палуаны мықты еді. Біздің салмақ бойынша чемпионаттағы алғашқы белдесуім. Бойшаң, атқа отырысы да мығым, дәу кісі екен. Алғашқы айналымның өзінде мынадай қарсыласқа тап келу оңай емес. Байқаймын, менен кемінде 15-20 келідей ауырлығы да бар секілді. Бірден білегіме жармасты. Сығымы қатты екен, білегімді ажырата алмай қалдым. Тіпті ойланып қалдым, «мынау қалай болып кетер екен?» деп. Шеңгелдегенде білегімді жұлып алады екен деп ойладым. Бірақ, дереу шешім шығарып, әдіс жасап, ұтып кеттім. Дегенмен сол жігіттей қармаулы, күшті адамды кездестірмеппін. Тәнті болдым. Білегімнен қысқанда, етімді езіп жібере жаздады.

– Өңгімеңізге қарасам, аударыспақта күштен гөрі әдіс-айла көп нәрсені шешетін секілді. Қандай әдістері бар?

– Иә, дұрыс айтасыз, аударыспақ күшке қарамайды. Өздерін сынап көру үшін небір күшті жігіттер келеді. 250 келі салмақты еркін көтеретін мықты азаматтар белдесіп көреді. Бірақ ол күшті ат үстінде пайдалана алмайды. Себебі аударыспақ спортында 70-80 пайыз әдіс шешіп кетеді. Мысалы, алаңға шыққан сәтте қарсыласыңның ат үстінде отырған отырысынан-ақ бәрін ажыратып үлгеруің керек. Ол аттың арғы жағына ауыңқырап отыр ма, әлде бері жамбастап жатып алған ба, тік отыр ма дегеннің бәрін бірнеше секундтың ішінде көңіл таразысынан өткізуің керек.

Әрине, бұл аударыспаққа күш жұмсалмайды деген сөз емес. Күш те керек. Күшсіз болмайды. Әдіс жасап, қарсыласыңды үзеңгіліктен алғаныңмен, оны көтеріп, аттан аударып тастайтын күшің болмаса, еңбегің зая. Сондықтан күш пен амалыңды ұштастыра білуің керек. Қай жерде күш, қай жерде әдіс қолдау керегін білгенің абзал. Тағы бір ескеретін жағдай шеңберге шыққан спортшы қандай жағдай болмасын өзін еркін ұстауы керек. Алаңда қарсыласқа төтеп берем деп, қарысып жатып алу – өзіңді шаршату деген сөз.

– Аударыспақ үшін атты арнайы дайындайсыздар ма?

– Иә, аударыспақ үшін арнайы ат дайындаймыз. Күнде жаттықтырамыз, күнде мінеміз, күнде неше түрлі әрекет жасаймыз. Көп ат ондайға шыдай бермейді. Әбден жалығып, қажыған кезде ат қарсыластың атын тістейтін болып кетеді. Ал сонша жаттығуға шыдап, мінезі өзгермей, сабырлылық танытқан атты таңдап аламыз. Бұл – аударыспақтың аты. Сол қалады.

Кез келген ат аударыспаққа шыдамайды. Жаппай көкпарда небір топты жарып, небір ауыр серкелерді ұршықша үйіріп жүрген белді аттар аударыспаққа келгенде шыдамсыздық танытады. Оншақты атты қатар жаттықтырғанда со-





ның ішінен бір-екі ғана ат аударыспаққа шыдас береді. Сол шыдамды, төзімді атпен жұмыс істейсің, үйретесің, қарсыластың атын теппейтін, тістемейтін етіп тәрбиелейсің. Жақсы ат мініп, жақсы нәтижеге жеткің келсе, өзің де, атың да жақсы жаттығуы керек.

– Аударыспақта жарақат алған кезіңіз болды ма?

– Аса қатты жарақат алған кезім жоқ. Әрине, спорт, оның үстіне ат спорты болғандықтан онша-мұнша жарақат аласың. Саусағың қайырылып қалу, білек сіңіріңнің созылуы деген секілді. Бірақ әзірге Алла көп көрмесін, аса ауыр жарақат алмаппын.

– Бұл спортпен қашанға дейін айналысасыз? Аударыспақты тоқтатқан соң не істейсіз?

– Бұл спортта қанша жыл жүрерімді бір Алла біледі. Денсаулық болса, уақыт-сағаты келгенше жүрерміз. Жастар да шығады.

Өткен жылы бір жылдай жастар өнер көрсетсін деп аударыспаққа қатысқан жоқпын. Бірақ басшылар, бапкерлер, бірге өнер көрсетіп жүрген жігіттер әлі де қатыса бер деп қолқалап, алаңға қайта шығарды.

Аударыспақтан кетсем де, спортшы дайындап, бапкер болам ғой. Қазірдің

өзінде жастарды осы спортқа дайындауды қолға алып жүрмін. Сол ісімді жалғастыра беремін. Өзімнен де мықты шәкірттер тәрбиелегім келеді.

– Қазіргі кездегі жалпы Ұлттық спорттың дамуына, мәселелеріне қатысты не айтасыз? Осы аударыспақты әлі де дамыта түсу үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– Өте орынды сұрақ. Ұлттық спортты бұдан да жақсы дамыту үшін жарыстарды көбейту керек деп ойлаймын. Ай сайын жарыс өтуі керек. Тіпті түк өтпеді дегенде ел көлемінде екі айда бір жарыс ұйымдастырылып тұрса, спортшылар үнемі дайындықта жүрер еді. Ал үш-төрт айда бір жарыс өтсе, спортшылардың басқа тірлігі бар, жарыс, дайындық жайына қалады. Ай сайын жарыс болса, «келесі айда жарыс» деп, өздері үшін жұмыс істейтін болады.

Одан кейінгі бір мәселе – төрешілерді дұрыстау керек деп ойлаймын. Себебі қазіргі төрешілер, ашығын айтқанда, алаңға төрешілікке шыққаннан кейін, өзі күресетін адам секілді қорқып тұрады. Шығарған шешіміне біреу, «олай болған жоқ» десе, соған еріп, «иә олай болмады» деп дереу айнып шыға келеді. Әрине, барлығына топырақ шашудан аулақпын, бірақ төрешілердің сапасы төмендеу. Оларды толықтай қайтадан оқытып, дайындау керек деп ойлаймын.

Тағы бір ескеретін мәселе, спортта төрешіге қатысты талас тудыратын жағдай болмауы керек. Өзге спорт түрлеріне қарасаңыз ешкім төрешіге қарсы келмейді. Қалай айтады, солай болады. Себебі олар өз ісін жетік біледі. Үнемі жарысқа шығып, ысылған мамандар. Аударыспақта төрешілердің өз арасында тартысты мәселе көптеу екенін байқаймыз.

– Біржан, өзіңіз де «Алтын тұғыр» сыйлығының иегерісіз. Жыл бойғы жеңімпаз спортшыларды марапаттау, оларға қолдау көрсету секілді Ұлттық спорт қауымдастығының шараларына не айтасыз?

– Иә, «Алтын тұғыр» – ұлттық спортта жүрген спортшыларды ынталандыруға арналған бір ғана сыйлық деуге болады. Біздің елде ұлттық спортқа көңіл бөлініп, дәл осындай марапаттаулар бірнешеу болатын болса, ұлттық спортқа келетін, соны таңдайтын жастардың қатары да көбейе түсер еді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Дерек:

Біржан Қосалиев – елішілік чемпионатта 8 дүркін жеңімпаз, бірнеше мәрте жүлдегер атанды. I Ашық Азия чемпионатының аса ауыр және абсолютті салмақтағы чемпионы (2014). Қырғызстанда өткен II дүниежүзілік көшпелілер ойындарында бас жүлдені иеленді (2016). Қытай елінде өткен II Ашық Азия чемпионатының жеңімпазы (2016). Халықаралық турнирдің аса ауыр және абсолютті салмақтағы жеңімпазы (2017). «Ақбидай» ауыл спорты фестивалінің бірнеше дүркін жеңімпазы. 2011 жылдан Қазақстанның аударыспақ құрама



командасында аса ауыр салмақтағы нөмірі бірінші спортшы. Біржанның үлкенді-кішілі фестиваль, турнирлерден иеленген басқа атақтары жетерлік.

Дереккөз: <https://ethnosport.kz/> сайты

Спорт түрлері мен өзіне тән сипаттамасын сәйкестендіріңіз

| | |
|----------------------|--|
| <i>Теңге ілу</i> | Сайысқа қатысушылар салмақтарына қарай үш топқа бөлініп, күш сынасады. |
| | Жарыс кезінде әр спортшыға екіден артық ескерту жасалмауы тиіс. |
| | Атқа мінген екі адам жекпе-жекке шығып, бірін-бірі аттан аударып тастауға тырысады. |
| <i>Қазақша күрес</i> | Жарыста әрбір шабандозға үш рет шауып өтуге рұқсат беріледі. |
| | Жарыста орамалды көбірек көтеріп алған спортшы жеңіп шығады. |
| | Ойынның мақсаты - ең жай дегенде шоқырақтап шауып келе жатқан ат үстінен бір жағына еңкейіп, жерде жатқан орамалды іліп әкету. |
| <i>Аударыспақ</i> | Сайысқа қатынасусшылар салмағына қарай бес топқа бөлінеді. |
| | Бұл спорт түрінің бір ерекшелігі шалу және қайыру сияқты әдістердің өте байлығында. |
| | Мұнда түрегеп тұрып лақтыру немесе жатаберіс тастау, белге салып лақтыру сияқты әдістерді де қолданады. |





ӘДІЛЕТ АХМЕТҰЛЫ

*Ақын, М. О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының
ғылыми қызметкері*

«НАҒАШЫҢ МОҢҒОЛИЯДА ЕМЕС, ҚАЗАҚСТАНДА...»

Бірде әлеуметтік желінің әлдебір көмекші құралы арқылы белгілі қаламгер Асылбек Байтанұлы хабарласып, Өр Алтайдағы жақындарының атын айтып, солардың жайын сұрады. Шамамша керек деректерді айтып бергеннен кейін, Асекеңе жығыла жабыса кеттім. Апамның руың, төркінің, Бақанбай әулетін, Жақып, Рақыпбай деген аға-інілері болғанын айттым. Сол минуттарға дейін мен нағашы жұртымды (нағашым дейтінім мен апамның баласымын ғой) Моңғолияда деп ойлап жүргенмін. Асағамыз – Асылбек Байтанұлы өзі шежіреші кісі екен. Құймақұлақ Үлкендердің «досы» екені мамырлатып айтқан әрбір әңгімесінен көрініп тұр. Ағамыз шежіресін ақтарып жіберді де, менің аяулы анамның төркіні Бақанбай әулетінің шежіресін алдыма жайып салды. Онан әрі шүйінші сұрай отырып: «Бақанбайдың Жақып, Рақыпбай атты екі ұлынан тараған ұрпақтарды алды сексенге келді. Қазір осы Қазақстанда» демесі бар ма? Міне, осылай «бір жоқ, бір жоқты тауып», ақыры аяулы әжем Қазине Бақанбайқызының сағына жүріп аттанған, екінші баруға дәм бұйырмаған төркіні өзім өмір сүріп жатқан егемен елімде екенін біліп өлшеусіз қуандым. Ағайынды Жақып пен Рақыпбайдан тараған ұрпақтардың басым бөлігі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданына қарасты тихоокеанское (Тынық мұхит) деп аталатын ауылда тұратынын білдім. Нағашы ұлы атамыз Бақанбайдың қара шаңырағы да, өзге ұрпақтары да осы аталған елдімекенде және еліміздің астанасында, Өскемен, Шымкент қатарлы жерлерінде екен. Қара шаңырақтың иесі апам Қазиненің ғасыр бойы айтып отыратын ағасы Жақыптың баласы Сіләм атты ағамыздың үйі екен.

Биыл маусым айының басында Елорда жаққа сапарлаудың сәті түсті. Сапарлаудан бұрын Асылбек Байтанұлынан алған телефон нөмірлерге қоңырау

шалдым. Мен қоңырау шалғандағы Сіләм нағашымның қуанғанын бейнелеп жазуға сөз таппай отырмын. Себебі, сол кісі әкесінің ғасыр бұзан ұзатылып кеткен қарындасынан туған ұлдың ұлы яғни бір жиеншар өздерінің дерегін іздеп жүргенін Асылбек Байтан арқылы естіп те алған екен. Жиеншардың іздеп жүргені шын ба, өтірік пе деп елеңдеп жүргенде, Алматыдан жеткен қоңырауға құлақ тосқан ағамыздың көңілі толқып, көз жиегі дымданыпты. Сіләм ағам екеуіміз жарты сағат телтұтқаны тастамай сөйлестік. Не айтқанымыз белгілі ғой. Қысқасы, «Астанаға келсең, жұмысың біте салысымен Солтүстік Қазақстанға тартасың. Алдыңнан шығып күтіп алатын балаларым бар» деді нағашы.

Сонымен, Сіләм ағадан кейін Рақыпбай атамыздың қызы Хапура апайымыз хабарласты. «Қарғам-ай, біз келгелі отыз жыл, сен келгелі сегіз жыл болыпты. Бұған дейін іздеспегеніміз-ай» дейді жырақтағы жан жақын апайымыз толқып. Міне осылайша, Астанадағы көкейдегі шауаларды тындырғаннан кейін ең алдымен Хапура апайымыздың үйіне бардық.

Жүрегіндегі иманы жүзінен көрініп тұратын апайымыз құшақтап амандасты. Жүз жылдан соң іздеп келе жатқан жиендерге апайымыз астатөк дастархан әзірлепті. Бала-шағаларымызды таныстырып, мәре-сәре болдық та қалдық. Әредіктен кейін, Хапураның інісі Озат ағамыз жұбайымен бірге келді. Озат ағамыз Рақыпбай нағашымыздың кенжесі екен. Шекара жабық тұрса да қазақтың сәлемдеме беру дәстүрін тоса алмаған екен. Баянөлгийден келге әлдебір жүргіншілер арқылы жеткен сүрленген қазыны датуған жердің дәмі деп, сый табаққа қоса асыпты Хапура апай. Сол аралықта, Рақыпбай атамыздың Моңғолияда қалған қыздары да бейнежолданым арқылы бізбен сөйлесіп, бізді нағашы жұртымыздың туған мекені Моңғол еліне шақырды. Қуанысып, құшақтасып, таныстық пен сырластықты жалғай отырып ішілген астан кейін енді «Көкшетау қайдасың» деп аттанбақпыз.

Сөзіміздің басында айтқан жеті жүргіншінің жайы осылай еді. Озат ағамыз өзінің көлігіне бізді салып алды да, киелі Арқа даласындағы заманауи жолмен Көкше жеріне қарай жолға шықтық.

КӨКШЕТАУ, ҚҰШАҒЫҢДЫ АШ, МЕН КЕЛЕМІН!

Жол бойы тамылжыған Арқа даласы ақын емес кісіге де шабыттың желігін бітірердей. Алыстан келген, ұзақ жылдардан соң табысқан туыстарды нағашы жұрттың қара шаңырағына жеткізуге жолсерік болып, қарбалас қызметті қайырып қойып үш кісі бізге жолдас болып, мінеки Көкшетауды бетке алып келе жатырмыз. Күн еңкейе бере Көшетау қаласында тұратын Күлпаран апайдың үйіне жеттік. Күлпаран апай сексенге жақындап қалса да тың, ұрпақтары-

ның үлкен үйіне айналған бағаналы басты ордасында отырған аяулы әже екен. Өзі апамның інісі Рақыпбайдың үлкен қызы. Балаларындағы туысшылық, келіндеріндегі ілтипат, ұл-қыздарының бойындағы іскерлік бізді тәнті етті. Қу дүние ешкімге жеткізбейді ғой, десе де, ел тәуелсіздігін ала салған жылдары Атамекенім қайдасың деп бір-ақ күнде көшіп келген ағайындылардың осы елмен бірге көркейіп, барын да, жоғын да, қызығын да, қиынын да егемен ел



құрып жатқан жергілікті халықпен бірге бастан кешкен туыстарымыздың осы күндегі Көкше қаласының қақ ортасынан хан сарйындай үй салып, қарбалас кәсіп жүргізіп, жақсы табыс тауып отырғанына қуанып, марқайып, ой түйіп қайттық.

Бір қызығы, 1992 жылдары осы Гүлпаран апайымыз Баянөлгийден арғы бет Өр Алтай жаққа өтіп, біздің жақындардың бірнешеуіне кездесіп қайтқаны бар екен. Апайымыз әулеттің үлкені ретінде ағынан жарылып берген батасы менің ғана көкейімде. Нағашы әулеттің төрінде отырып жеген ас пен ішкен қымыздың беделін мұнда айтудың өзінде әбестік жоқ болар. Екі сағаттай апайымыздың үйінде өткен-кеткенді айтысып, өліге иман, тіріге береке тілеп, қимай-қимай аттандық. Себебі, күн кеш болып бара жатса да, елеңдеп отырған нағашы жұрттың шаңырағына жету бәріміздің көкейдегі ойымыз еді.

«ТЫНЫҚ МҰХИТҚА» АПАРАР ЖОЛ

Сонымен, Көкшетаудан Шығысқа қарай екі жүз шақырымдық жолды кештің салқынында еңсеруге тура келді. Көкшетау – Омбы бағытындағы тас жолмен зымырап келеміз. Түнгі сағат он болғанға дейін батпайтын Арқаның жазғы күні де бір қызық еді. Жол бойы жазыққа біткен қарағайлы, қайыңды ормандар мен ұшы-қиырсыз далада кешкі самалмен желкілдеп тұрған селеулер батар күннің шапағымен жылтылдап онан әрі құмарыңды оятады.

Ел астанасынан солтүстікке жүрген сайын халық тығыздығы аз екені бірден білінеді. Ал Көкшетаудан шығып ауылдарға қарай жүретін жолдарда тіптен иен далада келе жатқандай күй кешесің. Анда-санда қазақша бірер ауылдар болмаса, көбінде орысша атанған ауылдардың тұсынан өтіп келеміз. Жол бойы жарты сағат, жиырма минутта бірер машина көзге ұшырайды. Осыдан-ақ, еліміздің терістігіндегі елдің жай-күйін шамалауға болатындай. Дегенмен, кең даланың рухы алпыс екі тамырдағы бағзыдан қалған көшпенді рухымызды қытықтайды. Осы жолмен шығыстап зымырап отырып 150 шақырым жүрген соң, Тихоокеанское (Тынық мұхитқа) ат басын бұрдық. Ат басын бұрғаннан бастап боз жусаны бұрқыраған далада қара жолмен жүйткідік. Себебі, аудандар арасында болмаса, тас жолдар ауылдарға әлі бара қоймаған екен. Кеңес кезінде шаруашылығы дүркіреген осы бір аймақтарда ауыл арасын тұтастырған көне тас жолдар болған, кейін олар ойдым-ойдым болып көнеріп кеткен соң, жүргіншілер көліктері арқылы селеулі даладан көктей өтетін жолдарды дөңгелектердің ізімен салып алған екен. Бұл уақытта ымырыт үйіріліп те кетті. Жол бойы анда-санда тырна, құтан сияқты құстар көлік жарығынан көрініп қалып жатыр. Осылайша, ойлы-шұңқыр жолда іңір қараңғысымен тербетіліп отырып, бір сағат жүргенде айТылмыс Тихоокеанское (Тынық мұхитқа) де жеттік-ау.

ҚАЛДЫБЕК СЕЙДАНОВ

Ташкент қаласы.



АҚЫН

«Ақын» – деген ардақты ат,
Шынайы сезім – Қыраны!
Күллі жұртты серпілткен,
Оның жазған жыр-әні!

Шынайы талант, шын ақын,
Кемеңгер ойдың иесі.
«Халқым» деп соққан жүрегі,
Күллі әлемнің киесі.

Іңкәр көңіл, тың сезім,
Асқақтай түскен арманы.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Халқына жырын арнайды.

Еркін тыныс, ер көңіл,
Серілік бар бойында.
Жыр бұлағын ағыту,
Әмәнда оның ойында.

Халық үшін қайғырып,
Болашағын ойлайды.
Сөйте жүріп шын талант,
Жыр жазуын қоймайды.

Өмірден ерен нәр алып,
Жыр нәсерін селдетер.
Өрнегімен өлеңнің,
Көңілді ылғи көл етер!

Bilim Innovations Group орталығының
компьютер бөлімінде теріліп, беттелді.

КОРРЕКТОРЫ:
Данагүл Асылжанова
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:
С.Баубек

Теруге жіберілген күні 10.09.2022 ж.
Басуға қойылған күні 15.09.2022 ж.
Шартты баспа табағы 13
Пішімі 60x90 1/8
Таралымы 100 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
«Bilim Innovations Group» ЖШС
Қазақстан Республикасы, Z05P6F8 (010017)
Нұр-Сұлтан қ., Сарайшық көш., 36
tugantil2019@mail.ru